«Астана» халықаралық қаржы орталығының тапсырысы бойынша жүргізілген зерттеуге сәйкес, Қазақстанда дінді тәжірибе жүзінде ұстанушы 18-65 жас аралығындағы адамдардың үлесі 19,5% құрайды немесе шамамен 2 245 127 адам. Бұл ақпарат 2,5 млн қолданушы тіркелген Sajda қосымшасының ақпаратымен де сәйкес келгендіктен сенімділік туғызады [7, 10 б.]. Өкінішке орай, біздің қолымызда осы берілген мәліметтің ішінде жастардың үлесі көрсетілмеген. Бірақ Қазақстанда дінді тәжірибеде жүзеге асырушылардың басым бөлігі жастар екендігі белгілі. Сол себепті, дінді тәжірибеде жүзеге асырушы жастардың шамасы 13-14% деп болжауға болады. 2019 жылы кездейсоқ таңдалған 124 студенттен алынған сауалнама нәтижесіне сәйкес, 85% респонденттер адамға діннің қажет екендігін айтқан [8, 164 б.].

1992 жылы қабылданған ҚР «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заң Қазақстан қоғамындағы діни қатынастардың даму кезеңін айғақтаса, екіншіден, заң құжаты діни сенім қоғамдық өмірдің жаңа бір саласы ретінде қанат жаюына жағдай жасады. Ал 2011 жылы 11 қазандағы ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» қабылданған заңнама діни қатынастарда жаңа мәселелердің күн тәртібіне енгендігін, діни саясатты мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру қажеттілігін білдірді. Осылайша аталған заңнамалардың қабылдану мерзімдері мен мазмұнының өзінен елдегі діни қатынастардың дамуы бойынша әлеуметтік аспектілерді көруге болады.

Қазақстандағы дін саясаты дін құндылықтарын тұтынушы жастардың әлеуметтенуін анықтайтын, оған тікелей әсер етуші фактор болғандықтан, жоғарыдағы аталған заңнаманың мазмұнына сапалық талдау жүргізгенді жөн санаймыз. Сонымен, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы қабылданған заң алдымен кеңестік зайырлы қоғамнан елдегі діни сенім бостандығын насихаттайтын ашықтық принципіне негізделді. Заңда халықаралық стандарттарға сәйкес негізгі діни құқық пен еркіндікті қамтамасыз етуге екпін берілген. Мемлекет пен діннің ажыратылғандығын, діни ұйымдарды тіркеуден өткізудегі минимальды шектеулер, діни қызметтер көрсетуге либеральды шешімдер ұсыну және тағы да басқа

еркіндіктер көзделген. 1992 жылғы заңнама діни әртүрлілік пен әркелкілікті, өзін-өзі таныту үшін ашық ортаны қамтамасыз етті.

Екіншіден, 2011 жылғы қабылданған заңнама діни қызметтер үшін қатал шарттар мен талаптарды ендірі. Заңнама негізінен діни экстремизм мен діни ұйымдарды мемлекеттік бақылау жүйесін ендіруімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, діни ұйымдарды тіркеуден өткізудің күрделі талаптары енгізіліп, жұмыс істеп тұрғандарды қайта тіркеуден өткізу, шетелдік діни ұйымдар мен миссионерлікті шектеу, діни әдебиеттерді тарату мен діни білім алу ережесі нақтыланды, экстремистік идеологияның таралуына бағытталған тармақтар енгізілді. 2011 жылғы заңнама діни қызмет пен діни әдебиеттер шығару мен іс-шараларды ұйымдастыруға, діни білім алуға мемлекеттік бақылауды күшейтті [9, 4 б.].

Екі заңнаманың айырмашылығы, алған бағыты қоғамға, әсіресе дін принциптеріне иек артатын жастардың мінез-құлқына, жүріс-тұрысына әртүрлі әсер еткендігін болжай аламыз. Бірінші кезеңде, қоғамның діни санасы ешбір шектеулерсіз бейтарап күйде дамыды. Алайда, елге әртүрлі діни ағымдардың таралуына, белгілі бір топтардың радикалдануына әкелсе, екінші кезеңде, мемлекет реттеу функцияларын қосу арқылы бақылаушының рөлін күшейтті. Осы жерде, зер салатын маңызды мәселе, Қазақстандағы діни радикализация, дінмен байланыстырылатын террористік оқиғалардың дамуын Е.Қарин келесідей кезеңдерге бөліп көрсетеді:

1) «Қашқын террористер: 90 жылдардың басы мен 2000 жылдардың басы республика аумағында қашқын террористердің, яғни террористік іс-әрекеті және заңсыз әскери құрылымдарға қатысқаны үшін басқа мемлекеттің азаматтарының бізде елде жасырынуымен байланысты».

2) «Сырттан келіп арбау: 2000 жылдың басы мен ортасы Қазақстан азаматтарының іргелес елдердің де, алыс шетелдердің де аумақтарындағы террористік іс-әрекетке тартылу оқиғаларының жиілеуі байқалады».

3) Жергілікті жердегі терроризм актілері 2010 жылдардың аяғынан бастап 2012 жылға дейінгі кезеңді қамтиды [10]. Үшінші кезеңде Қазақстанның бірнеше өңірлерінде қоғамды дүр сілкіндірген террористік актілер орын алды. Кейінгі діни қоғамдастықтың әлеуметтену процестеріне салқыны тиген мемлекеттің қадағалау шараларын күшейтуі мен қоғамның жалпы дінге деген күмән мен күдігін арттырған сыни көзқарасын күшейтті.

Елдегі діни радикализация процестері мемлекеттік жоспарлау мен реттеу саясатына қатаңдату бойынша толықтырулар енгізген болса, дінге қатысты қоғамдық қатынастарда да өзгерістер байқалды. Атап айтқанда, жалпы діни құндылықтар мен ақпаратқа, көріністерге сенімсіздік, кей жағдайларда үрейлену секілді моральдық-психологиялық факторлар қосылып, қоғамның иммунитетін қалыптастыруға әкелді. Осы мәселе діни тәжірибеге айтарлықтай қысым, шектеу түріндегі әсерлерін тигізіп, оның субъектілерінің қоғамдық ортада әлеуметтенуіне орасан кедергілер жасады деп пайымдаймыз.

Біздің ойымызша, нақты діни радикализация, жоғарыда баяндағанымыздай, заңнамада шектеу шараларын күшейтіп, дінді тәжірибеде жүзеге асырушы жастардың әлеуметтену линияларының бұғатталуына әкелді. Елдердегі діни еркіндік пен бостандықты үнемі сырттан талдап отыратын «Fogun 18» халықаралық құқық қорғау ұйымы 2022 жыл бойынша Қазақстандағы діни еркіндік туралы баяндамасында дін еркіндігін жүзеге асыруға байланысты көптеген мәселелерді атап өтуі бекер емес [11].

Аталған кезеңде Қазақстандағы құзырлы органдар діни терроризм және дерадикализациялауда айтарлықтай тәжірибе жинақтады деп сенімді айтуға болады. Дегенмен, дінді тәжірибеде тұтынушы жастардың өсіп келе жатқан қалың пласты қолданыстағы ережелердің ескіргендігін, дамудың жаңа фазасына өту қажеттігін көрсетіп отыр. Өйткені әртүрлі шектеулер мен барьерлер дінді тәжірибеде жүзеге асырушы жастардың әлеуметтену процесінің тежеуіші ретінде орын ала бастағандығын байқаймыз. Сондай-ақ, ұзақ мерзімді шектеу келешекте маргиналданған топтың көлемінің ұлғаюымен байланысты мемлекет алдына жаңа ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шығаруы мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, діни құндылықтармен өмір сүретін жастар жиі екі стандарттылыққа кезігіп отырады. Біріншісі, олар өздерінің дінін сақтау қажеттілігі болса, екіншісі, қоғаммен ықпалдасудың маңыздылығы. Мәселен, көптеген жастар қоғамдық өмірге белсенді қатынаса отырып, діни дәстүрлерін берік сақтауға бейімделген. Алайда, дискриминация және стереотиптермен бетпе-бет келу олардың әлеуметтенуін қиындатуы мүмкін.

Жалпы әлеуметтену процесі тұлғаның әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды және мінез-құлық үлгілерін меңгеруін қамтиды. Дінді ұстанушы жастардың әлеуметтенуінде дін олардың дүниетанымы мен жүріс-тұрыс үлгісін қалыптастыратын маңызды орынды иеленеді. Дін қоғаммен қарым-қатынаста және этикалық нормалар, отбасылық құндылықтар мен басқа мәдениет өкілдерімен байланыстың нақты шектерін белгілейді. Дегенмен, латентті түрде жүріп жатқан секуляризация процесі діннің басты әлеуметтік қондырмаларымен карама-қайшылыққа түсуі мүмкін.

Осы орайда, әлеуметтендірудің маңыздылығына қысқаша тоқталып, оған анықтама бере кеткен жөн. Ол үшін әлеуметтену туралы әлеуметтанушы ғалымдардың еңбектері мен жасаған тұжырымдарына шолу жасап көрдік. XIX ғасырдағы танымал француздық әлеуметтанушы **Эмиль Дюркгейм** әлеуметтенуді қоғамдық нормалар мен құндылықтарды жеке адамның қабылдау кезіндегі әлеуметтік келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету процесі ретінде қарастырды. Сондай-ақ, білім беру мен әлеуметтік институттардың жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөліне тоқталады [12, 34 б.]. **Талкотт Парсонс** әлеуметтенуді жеке тұлғаның мәдени үлгілерді игеру және қоғамның интеграцияланған мүшесі болу механизмі ретінде анықтады. Ол әлеуметтік нормаларды ұсынудағы отбасының, мектептің және басқа институттардың рөліне назар аударады. *Мид символдық интеракционизмнің өкілі ретінде әлеуметтенуді индивид басқа адамдардың рөлдерін қабылдауды үйренетін және қоғаммен өзара әрекеттесу арқылы өзінің «мен-концепциясын» қалыптастыратын процесс ретінде қарастырды* [13, 131 б.]. **Зигмунд Фрейд** әлеуметтенуді психоанализ призмасы арқылы қарастырып, тұлғаның қалыптасуындағы отбасының рөлін атап көрсетті. Ол әлеуметтену ішкі қайшылықтарды жеңумен және әлеуметтік нормаларды сіңірумен байланысты деп есептеді [14, 21 б.]. **Жан Пиаже** әлеуметтенуді когнитивті даму контекстінде зерттеп, жастардың қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу және ойлаудың біртіндеп дамуы арқылы әлеуметтік нормалар мен ережелерді меңгеретінін атап көрсетті [15, 46 б.]. **Эрик Эриксон** әлеуметтенуді адамның өмір бойында жалғасатын процесс ретінде қарастырды. Ол психоәлеуметтік даму кезеңдерін анықтады және оның ойынша олардың әрқайсысында жеке адам қоғамға кірізуге байланысты белгілі бір мәселелерді шешеді [16, 123 б.]. **Пьер Бурдьё** индивидтің мінез-құлқын қалыптастыратын әлеуметтік бейімділіктердің жиынтығын сипаттайтын «габитус» ұғымын енгізді. Әлеуметтену, оның ойынша, мәдени капитал мен әлеуметтік тәжірибені ассимиляциялаумен байланысты болады [17, 123 б.].

Сонымен әлеуметтанушы ғалымдардың әлеуметтенуді процес ретінде ұғынып, индивидтің қоғамға интеграциясы, қоғамға кірігу арқылы нормалар мен ережелерді қабылдауын, оларды тұла бойынан өткере отырып, «мен концепциясын» қалыптастыру үрдісі деп ортақ пайымға тоқтайтындығын байқаймыз. Бізде аталған тұжырымға қосыламыз және әлеуметтену мемлекет пен қоғам үшін маңызды ұлттық бірегейлік пен ұйысудағы қажетті қадам деп санаймыз.

Адам өз алдына әлеуметтік жаратылыс болғаннан кейін, ол үнемі қоғамға ұмтылады, онымен байланысқа түседі. Қоғаммен үйлесе отырып, тіршілік құрады, өзін-өзі анықтайды, ішкі мүмкіндіктерін жүзеге асырады. Адамды қоғамнан аластау, шектеу, керісінше, ішкі қарсылықтарды туындатып, кейіннен ол іштегі реніш пен ашу ретінде сыртқа шығады, «жабық қоғамдастыққа» әкелетін маргинализация процесі белсенді жүреді. Діннің әлеуметтік рөліне маңыз берген әлеуметтанушы **Эмиль Дюркгейм** діннің әлеуметтік табиғатын көрсетіп, діндарлық ұжымдық жоралғылар мен әлеуметтік ықпалдасу арқылы

қалыптасады деп санайды. Ол «Дін – адамдарды ортақ моральдық тұтастыққа біріктіретін, қасиетті заттарға жататын сенім мен тәжірибенің бірегей жүйесі» - деп пайымдайды. Діннің әлеуметтік құбылысын индивидуальды тәжірибе тұрғысынан зерттеген американдық ғалым Уильям Джеймс болса «дін өзінің жалпы мағынасында – адамның өмірдегі маңызы бар нәрселерге реакциясы» деп діннің адам дүниетанымын қалыптастырудағы орнына мән береді [18, 23 б.]. Яғни, дін тұтас жүйе ретінде оның өмір сүру ортасы қоғам болса, ал табиғаты әлеуметтік болып шығады.

Қазақстандағы жастарды діни тәжірибелерді жүзеге асыруына қарай сапалық және сыртқы сипаттық қасиеттері бойынша бірнеше сыныптарға бөліп қарастыруға болады. Сыныптарға бөліп қарастыру әлеуметтену процестерін түсіну және олардың жүзеге асырылу бағытын егжей-тегжейлі қарастыруға, олардың мүддесі мен мұқтаждықтарын анықтауға көмектеседі. Еліміздегі жастардың дін құндылықтарын қолдану мен оны қабылдау ерекшеліктеріне орай оларды төрт топқа бөліп қарастыруға болады:

Біріншісі, радикалды ұстанымдағы тәкфиршілдер. Ислам мәтіндерін қатаң, сыңаржақ түсіндіруді ұсынады. Жиһад, зорлық-зомбылық және «исламдық емес» режимдерді құлату идеяларын қолдайды. Террористік топтармен байланыс құра біледі. Қазіргі қоғаммен кез-келген компрамиске келуден бас тартады.

Екіншісі, сәләфилер. Өздерін сәләфтардың (ерте кезеңдегі мұсылмандардың) ілімін ұстанамыз деп, исламдық дәстүрлі мазһабтарды (құқықтық мектептерді) мойындамайды. Музыканы «харам» (тыйым салынған) деп есептейді. Сопылық ілімді, ғасырлар бойы исламмен астасып кеткен қазақтың салт-дәстүрлерін (мысалы, келіндердің сәлем салуы, наурыз мерекесін тойлау және т.б.) қабылдамайды.

Үшіншісі, дәстүрлі діни тәжірибені ұстанушы дәстүршілдер. Ислам құқығының дәстүрлі мектебі ханафи мазхабына ерушілер. Қазақстанда ханафи мазхабының бағыты ресми мойындалған және ұлттық дәстүрмен бірге қарастырылады. Сәләфилерді дәстүрді жоққа шығарғаны үшін жиі сынға алады. Дінге қалыпты, консервативті көзқарасты қолдайды.

Төртінші, модернистер. Дінді өздерін ерекшелеу немесе сән үшін ұстанады. Исламды қазіргі жағдайға бейімдеуге тырысады. Қазіргі заман контекстінде ислам мәтіндерін қайта қарауды қолдайды. Көбінесе гендерлік теңдік, адам құқықтары және демократияны жақтайды. Радикалдарды да, тым консервативті дәстүршілдерді де сынға алады. Модернистердің қатарына еліктеушілерді, одан қандай да бір трендті көретін жастарды да жатқызуға болады.

Бесінші, «этникалық мұсылмандар». Өздерін мәдениеті немесе шығу тегі бойынша мұсылман деп таниды. Ислам мерекелерін тойлағанымен діннің барлық ережелерін, тәжірибелерін қатаң сақтамайды. Діни топтар тарапынан исламға деген «үстірт» көзқарасы үшін жиі сынға ұшырайды.

Діндар жастар үшін діни құндылықтардың абсолюттілігі оның принциптерін «тәңірлік» заңдармен байланыстырғандықтан, олар үшін кәдімгі қоғам ережелері кейінгі орынға ысырылады. Сол себепті, діни құндылықты қабылдаған индивид әуелі оның «ішінде» әлеуметтену процесін өткеріп алады да, кейін қоғам ережелері мен нормаларын соған сәйкес ыңғайлауға көшеді. Бұл жерде «тәңірлік» заңдардың «дүниелік» заңдардан басымдығы көзделіп тұр. Жалпы діннің әлеуметтік психологиясын, оның жұмыс істеу механизмін түсіну діндар жастардың әлеуметтену жолдарын қарастыруға, түйісу нүктелерін анықтауға жәрдемдеседі.

Зерттеудің гипотезасы діни ережелерді толық ұстанушы жастардың әлеуметтену процесінде діни құндылықтар мен зайырлы нормалар арасындағы тепе-теңдік орнатылса және мемлекет пен қоғам тарапынан қолдау көрсетілсе, онда олардың әлеуметтік интеграциясы тиімді жүріп, радикалдану мен маргиналдану деңгейі төмендейді деген болжамға негізделген болатын.

Зерттеу нәтижелері бұл гипотезаның ішінара расталғанын көрсетті. Мысалы, жеке секторда (бизнес, отбасы, қоғамдастық) діндар жастарға қолайлы орта қалыптасып, олар

сәтті әлеуметтену жолына түсе бастаған. Азық-түлік, киім, қаржы, қызмет көрсету салаларында діни ережелерді ұстанушы жастардың сұранысы мен қажеттіліктерін ескеретін инфрақұрылым қалыптасқан. Бұл олардың қоғамға бейімделуін жеңілдетіп отыр.

Мәселе тудыратын тұсы, мемлекеттік секторда жастардың діни атрибутикасына, рәсімдеріне, өмірлік ұстанымдарына қатысты әлі де шектеулер мен дискриминациялық тосқауылдар бар екені анықталған. Бұл факторлар олардың толыққанды әлеуметтенуіне кедергі келтіруде және маргиналдану қаупін арттыруда.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақстан жастарының басым бөлігі ұстанатын ислам дінінің өзге діндер мен мәдениеттер арасында өмір сүру қабілетіне келетін болсақ, оның VIII-X ғасырларда полимәдениетті ортада қалыптасып таралған дін екендігін ұмытпауымыз керек. Құранда Әнкабут сүресінің 46 аятында: «Іштеріндегі зұлымдық қылғандарынан басқа Кітап иелерімен көркем түрде сөз таластырыңдар. (Сыпайы, дәлелді түрде қанағаттандырыңдар.) Оларға: «Бізге түсірілгенге де сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Және біздің Тәңіріміз де сендердің Тәңірлерің де біреу-ақ. Біз Оған бой ұсынғандармыз» делінеді [19, 402 б.]. Бұдан көретініміз, ислам өзге конфессиялармен бір ортада дами алатын монотеистік дін деп айта аламыз.

Ислам үшін полимәдениеттілік ұзақ тарихи-мәдени процес болып табылады. Толеранттылық мұсылмандық Индия, мұсылмандық Испания және Аббасидтер династиясы халифтерінің саясатындағы басты принциптердің бірі болған. Постмодерн дәуіріндегі исламның өміршендігі зайырлылық пен діндарлықты байланыстыра білген таухид факторымен тығыз байланыста дамыды. Мұсылман қоғамында полимәдениеттілік өмір сүру моделін қалыптастырды. Мультикультурализмдегі мұсылмандық фактор мәдени дәстүрлердегі көптүрліліктегі бірлік доктринасын ілгерілету үшін үлкен мәнге ие. Тек мұсылманшылықты қоғамдағы мультикультурализм процесінің теңқұқықты субъектісі деп тапқан кезде ғана оның шынайы ілгерілеушілігін көруге болады [20, 225 б.].

Сол себептіде, ислам тұтас ұлтқа тән қасиет ретінде қарастырылса оның біріктіруші, ұйыстырушы, ұйымдастырушы функциясы іске қосылады, егер оны ұлттық дүниетанымнан, құндылықтардан бөле-жара қарастыру діннің идеологиялық біріктіруші, ұйыстырушы қасиетінен айырып, оны нақты бір жамағаттық, қандай да бір топқа тиесілі құндылықтар жүйесі ретінде көрсетеді. Яғни, оны тұтынушылардың маргиналдануына әкелуі мүмкін. Мұндай тенденция мемлекет пен қоғам үшін де тиімсіз және оның тұтастығына қауіп төндіруі мүмкін.

Бұл тұрғыда, зайырлы қоғамдарда мемлекет пен діннің арақатынасын ажыратуда жаңаша көзқарас ұсынған шетелдік ғалымдардың еңбектері мен тәжірибелері назарға алынды. Үнді философы Раджив Бхаргава ұсынған «қағидалық қашықтық» (principled distance) тұжырымдамасында мемлекеттік билік пен діни құрылым арасындағы қатынасты теңдік қағидатына негізделген. Оның пікірінше, «адамдарды тең қарау қағидасы кей кездері оларға әркелкі қатынас жасауды да талап етуі мүмкін. Бұл жағдай «қағидалық қашықтық» ұғымының негізгі құрамдас бөлігінің бірі болып табылады». Сонымен қатар, бұл модель азшылық топтарға қатысты мәдени-практикалық ерекшеліктерді ескеруге мүмкіндік береді. Автор былай дейді: «Қағидалық қашықтық ұғымы бір мәдениетте тыйым салынған немесе заңмен реттелетін тәжірибенің өзге, яғни азшылық мәдениетте рұқсат етілуі мүмкін екендігін қарастырады» [21]. Мұндай көзқарас мемлекетті дінге бейтарап емес, бірақ әділетті реттеуші рөлін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл зайырлылық пен діни плюрализмнің үйлесімді формасын айқындап береді.

XX-XXI ғасырлардағы діннің қоғамдық кеңістікке қайта оралуы мен оның саясатпен өзара әрекеттестігі Жозе Касанованың еңбектерінде кеңінен талданды. Ол секуляризмді саяси басқарудың қағидаты ретінде сипаттайды: «Секуляризмді мемлекеттік басқару қағидаты ретінде қарастырғанда, ол дін мен саяси билік арасындағы шекараны айқындаушы

ретінде қарастырылады. Мұндай басқару ұстанымы дін туралы нақты теорияны болжауды талап етпейді. Ал егер секуляризм діннің мәні мен рөліне қатысты теорияны қамтыса, ол идеологияға айналады» [22]. Бұл көзқарас секуляризмді бейтарап басқару тәсілі ретінде сипаттап, оның идеологиялық сипат алуынан сақтануды ұсынады. Яғни, мемлекет дінге қатысты белгілі бір дүниетанымды тықпаламай, оның қоғамдық орнын құқықтық шеңберде реттеумен шектелуі тиіс.

Касанова діннің тек жеке өмірмен шектелмей, қоғамдық кеңістікке қайта енуін «діннің жекешеленуден арылуы» (deprivatization of religion) деп сипаттайды. Оның пікірінше, «1980-жылдары діни мекемелер үстем саяси және әлеуметтік күштерге қарсы шығып, діннің қазіргі қоғамдағы «жекешелендірілген» мәртебесін өзгертуге ұмтылды. Бұл үдеріс діннің қоғам өміріндегі ашық, жария формаларына қайта оралуын туындатты» [23]. Аталған тұжырым қазіргі жаһандану дәуірінде діннің мәдени және саяси рөлін қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Қазақстан жағдайында зайырлылық пен плюрализм қағидалары қарама-қайшы келетін немесе толық жүзеге асырылмайтын жағдайлар орын алып жатады. Жоғарыда баяндағанымыздай, ол діни бағдардағы жастардың әлеуметтенуіне кері әсерін тигізіп жатқан бірден бір фактор ретінде атап өттік. Біздің ойымызша, қазіргі таңда дінді тәжірибеде жүзеге асырушы жастар келесі жағдайларда мемлекеттік және қоғамдық шектеулерді сезінеді:

Біріншіден, діни рәсімдерді орындауға қатысты шектеулер. Мәселен, әскерге алынатын діни жастар үшін тиісті жағдайдың жасалынбауы және т.б. олардың мемлекетті қорғау ісіне өз бетінше тартылмауына, оған енжар қарауына әкеледі. Әскер қоғамдық міндет, ер азаматтардың отан алдындағы парызы секілді моральдық-психологиялық өлшемдер уақыт өткен сайын жастардың бұл қабаты үшін маңызын жойып, әскерлік іспен өзін-өзі сәйкестендіру өзектілігін жоюға дейін апаруы мүмкін. Мұндай тенденция келешекте ұлттық қауіпсіздікке өзінің әсерін тигізбей қоймайды деп санаймыз.

Екіншіден, діни атрибутикаларға байланысты мемлекеттік жұмыс орындарына орналасудағы қиындықтар туралы айтуға болады. Мәселен, діни атрибутикаларына қарай қыз балалардың мемлекеттік мекемелерге жұмысқа орналаса алмау мәселесі орын алатындығы белгілі. Сол секілді, жұмыс орнында діни рәсімдерді орындауға тыйым салу да заңмен бекітілген. Мемлекеттік мекеменің дресс-кодын сақтау талабы діни атрибутикаға қарама-қайшы келетіндігін айтуға болады.

Үшіншіден, әлеуметтік-көпшілік орталар әуежай, вокзал, автовокзал секілді орындардағы діни рәсімдерді жасау орындарының тапшылығы жиі байқалады. Сондай-ақ, аталған орындардағы қауіпсіздік қызметтерінің діни атрибутикаға ерекше ден қоюы дінді ұстанушылардың әлеуметтік көңіл-күйіне теріс әсер етпей қоймайтыны анық.

Төртіншіден, мектеп әкімшілігі тарапынан мектеп жасындағы оқушылар арасында діни рәсімдерді орындаушылардың есебін жүргізу және т.б. сынды әрекеттер орын алатын жағдайлар болған. Мысалы, олардың намаз оқулары, ораза ұстаулары және т.б. секілді. Оқушыны өзге сыныптастарынан «ерекшелейтін» мұндай іс-шаралар оны әлеуметтік оқшаулауға және қатарластарымен қарым-қатынаста теріс әсер қалыптастыратындығын айтуымыз керек.

Қоғамда діни вакуум – бұл адамдардың діни сенімі мен қоғамдық өмір арасындағы алшақтықтың күшеюі. Мұндай жағдайда мемлекет тарапынан діни еркіндікке қойылған шектеулер немесе діни институттардың әлсіздігі салдарынан жастар дін мен қоғамдық өмір арасында таңдау жасауға мәжбүр болады. Бұл, әсіресе, жұмысқа орналасу, білім алу, отбасын құру сияқты өмірлік маңызды салаларда көрініс табады.

Мысалы, намаз оқитын екі адамның бір-бірімен үйленуі – діни вакуум аясындағы әлеуметтенудің бір түрі. Бұл жағдайда жастар дінді ұстанбайтын қатарластарымен әлеуметтік қарым-қатынас орнатудан қашқақтайды, өйткені құндылықтық айырмашылықтар тым үлкен. Нәтижесінде қоғамда екі түрлі орта – діни және зайырлы жастар арасына шекара қалыптасады.

Осындай шектеулі араласу салдарынан діни ұстанымы бар жастардың әлеуметтену үдерісі тежеледі: олар қоғамға толық кіріге алмай, тұйық ортада қалып қояды. Бұл өз кезегінде жұмысқа орналасу мүмкіндігінің төмендеуіне, әлеуметтік оқшаулануға және қоғамдық келісімнің әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Әрі қарай, Қазақстандағы діндар жастардың әлеуметтену процестеріндегі негізгі екі жолды атап өтуге болады. Біріншісі, мемлекеттік сектор (мемлекеттік жұмыс орындары, мектеп, аурухана, халыққа қызмет көрсету орталықтары, әкімдіктер, құзырлы органдар, түзеу мекемелері және т.б.). Екіншісі, жеке сектор (отбасы институты, бизнес орта, қауымдастық және т.б.).

Мемлекеттік сектор арқылы әлеуметтендіру баяу жүріп жатқандығын мойындау керек. Жоғарыда оның бірнеше себептерін атап өткен болатынбыз. Мемлекеттік органдар қолға алып отырған қадамдардың негізгісі дерадикализация саясатын әлеуметтендіру іс-шараларына жатқызуға болады. Атап айтқанда, радикалдармен теологтардың әңгіме құруы, жабық түзету орындарында дәрістер оқу, психологтың көмегі және т.б. Алайда оның қызмет алаңы тар және ол радикалды бағыттағы тұлғаларды ғана қамтиды. Жоғарыда сыныптау жүргізген дінді тұтынушы жастардың қалған бөлігін әлеуметтендіру назардан тыс қалып отыр деп нақты айта аламыз.

Жеке сектордағы жастардың әлеуметтену үрдістері «сұраныс пен ұсыныс» принципіне сәйкес дамуда. Мәселен, азық-түлік тауарларын өндірушілер сұранысқа сәйкес «адал» белгісі бар азық-түліктермен дүкен сөрелерін толтыруы, дін қағидаларына сәйкес тамақтану орындарының ашылуы, сауда және ойын-сауық орталықтарында діни рәсімдерді жасауға арналған арнайы бөлмелердің ашылуы, дін принциптеріне сәйкес банк-қаржы жүйелерінің пайда болуы, діни атрибутикаларға қарамастан жұмысқа қабылдау және т.б. дінді тұтынушы жастардың қоғамға сәтті интеграциялануына жол ашып отыр. Қазақстанда жеке сектор линиясы арқылы социализация тиімді жолға қойылған және дінді тәжірибеде жүзеге асырушы жастар үшін «бос» кеңістіктің пайда болғандығын жағымды үрдіс деп бағалауға болады [24, 152 б.].

Зерттеу барысында Қазақстандағы дінді тұтынушы жастардың әлеуметтену процесіне әсер ететін екі негізгі сектор – мемлекеттік және жеке секторлар салыстырмалы түрде талданды. Бұл салыстыру діндар жастардың қоғамға интеграциялану деңгейі мен әлеуметтену арналарының тиімділігін көрсетуге бағытталды (1 кесте).

1 кесте - Діндар жастардың мемлекеттік және жеке секторларда қоғамға интеграциялану нәтижелері

Критерий	Мемлекеттік сектор	Жеке сектор
Қатынастың сипаты	Реттеуші, шектеуші, қауіпсіздікке бағытталған	Икемді, нарық пен сұранысқа негізделген
Әлеуметтену құралдары	Дерадикализация бағдарламалары, құқықтық шектеулер	Дінге бейімделген қызметтер мен өнімдер, әлеуметтік қолдау
Кедергілер	Діни атрибутикаға шектеу (мысалы, киім, рәсімдер), жұмысқа орналасуда дискриминация, мектептегі қысым	Аз немесе мүлде жоқ; дінге бейімделген кеңістік ұсынылады
Жастардың тәжірибесіне ықпалы	Интеграцияны тежейді, маргинализация қаупін арттырады	Интеграцияны жеңілдетеді, дінді тәжірибе ретінде сақтауға мүмкіндік береді
Ұстанымға ықпалы	Қоғамнан оқшаулау тәуекелі	Ортақ кеңістік пен өзара түсіністік қалыптастырады

Бұл салыстырмалы талдау нәтижесінде дінді белсенді тұтынушы жастар үшін жеке сектор әлеуметтенудің неғұрлым тиімді арнасы екені анықталды. Мемлекеттік сектор негізінен қауіпсіздік парадигмасына сүйеніп, әлеуметтендіруден гөрі бақылау функцияларын басым қолданатыны байқалды. Мұндай тәсіл жастардың қоғамдық өмірге толыққанды араласуына кері әсер етіп, маргиналдану мен әлеуметтік оқшаулану қатерін арттырады.

Сонымен қатар, зерттеу діни ұстанымы әртүрлі жастар тобының әлеуметтенуінде де айтарлықтай айырмашылық бар екенін көрсетті. Мысалы, дәстүршілдер мен этникалық мұсылмандар қоғаммен оңай ықпалдасса, радикал көзқарастағылар қоғаммен ымыраға келуден жиі бас тартады. Бұл да әлеуметтену арналарының тиімділігін саралауда маңызды фактор ретінде ескерілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Діни құндылықтарды ұстанушы жастардың көбінесе біржақты көзқарасқа тап болуы, олардың әлеуметтенуін қиындататындығын көріп отырмыз. Кейбір жағдайларда қоғамның қолдауы мен түсіністігінің болмауы, әсіресе мағына мен мән іздейтін жастар арасында радикалдануға әкеп соғуы мүмкін. Жастардың діни және зайырлы ортаның қысымын сезінуі олардың жеке басын анықтаудағы қиындықтарды тудыруда. Қоғамда маргиналдану, тұйықталуға әкелетін мұндай жағдаяттар дін ұстанушылардың өзара мықты байланыстар құруына әкеледі. Сырт көзге дінді тұтынушы жастардың арасындағы ұйымдасу қабілеттерінің жоғары болуын сыртқы қысым мен шектеуге қарсы жауап ретінде де қабылдауға болады.

Қазіргі қоғамдағы діндар жастардың әлеуметтенуі діни құндылықтарды сақтау мен зайырлы нормаларға бейімделу арасындағы тепе-теңдікті қажет етеді. Отбасы, қауым және қоғамның қолдауы, сондай-ақ білім беру және әлеуметтік мүмкіндіктер болған жағдайда сәтті интеграцияға қол жеткізуге болады. Діни нанымдарын заманауи шындықпен үйлестірудің жолдарын тапқан жастар түрлі мәдениеттер арасындағы көпірге айналып, қоғамдағы өзара түсіністікті нығайтуға үлес қоса алады.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, келесі ұсыныстарды қалыптастыруға болады.

Біріншіден, мемлекеттік органдар ислам дінінің жастар арасында таралу факторын тек қауіпсіздік парадигмасы тұрғысынан ғана қарастырмай, оны қалыпты құбылыс ретінде қабылдап, жұмыс тәртібінде іс-шаралар қабылдап үйренуі керек. Қауіпсіздік парадигмасы тұрғысынан ғана қарастыру, сәйкесінше дінмен жаппай күрес қағидасына сүйеніп, қоғамдағы үйлесімділік, толеранттылық, көпмәдениеттілік тұғырнамасын шайқалтуы мүмкін.

Екіншіден, дін факторының үнемі қатысуын ескере отырып, ұзақ мерзімді перспективада қоғамда қалыпты мәдени-рухани ахуалдың орнауы үшін діндар жастарды әлеуметтендіру тетіктерінің кең спектрін қалыптастыру.

Үшіншіден, әлеуметтендіру әдісін дерадикализациялау іс-әрекеттерінің маңызды құрамы ретінде қарастыру өзекті деп санаймыз. Қандай типке жататындығына қарамастан, діни сенім эмоция мен ұстанымның күрделі синтезі болғандықтан оны ағартушылық тәсілдері арқылы оңды әлеуметтендіру ықтималдылығы төмен. Сондықтан, мемлекеттік органдармен байланыс, қоғамдастықпен сәтті интеграция діндар жастардың әлеуметтенуіне, дерадикализациясына оң ықпал етеді деп санаймыз.

Төртіншіден, діндар жастарды әлеуметтендіруде жеке сектордың рөліне мемлекеттік маңыз берген орынды. Бұл саладағы оң өзгерістер мемлекеттік сектор қандай да бір этикалық себептермен кірісе алмайтын мәселелерде әлеуметтендірудің тиімді объектісіне айналатындығын көрсетті. Сондықтан мемлекет пен жеке сектордың арасындағы ортақ іс-қимыл шараларын бекіту, іскерлік қатынастарды дамыту, жолға қою маңызды.

Сайып келгенде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабы 1 тармағындағы «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны

көрсету-көрсетпеуге хақылы» деп анық айтылуы азаматтардың қоғамға интеграциялануына, тиісінше әлеуметтенуіне, қоғамдық ұйысуына қолайлы жағдай жасап тұрғандығын атап өту керек. Жоғарыдағы ұсыныстарда, мағынасы және мазмұны жағынан Конституциялық деуге толық негіз бар.

Қаржыландыру:

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған (АР25796197 «Діни сенім бостандығы мен зайырлылық принциптерін жүзеге асыру жолдары: қазақстандық және әлемдік тәжірибе»).

Әдебиеттер:

1. Парсонс Т. Система современных обществ / Пер. с англ. Л.А. Седова и А.Д. Ковалева. Под ред. М.С. Ковалевой. – М.: Аспект Пресс, 1998. – 270 с.
2. Berger, P. L., & Luckmann, T. *Modernity, Pluralism and the Crisis of Meaning*. Gütersloh: Bertelsmann Foundation, 1995. – P.120.
3. Чупров В.И., Зубок Ю.А., Уильямс К. *Молодежь в обществе риска. Второе издание*. – М.: Наука, 2003. – 71 с.
4. Castells M. *The Rise of the Network Society*. – Oxford: Blackwell Publishers, 1996. – 556 p.
5. *Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года*. Под ред. Смаилова А.А. – Астана, 2011. – 65 с.
6. *Қазақстан Республикасындағы ұлттық құрамы, діни наным және тілдерді меңгеруі*. – Астана, 2023. – 541 б.
7. Кельбетов Д., М.Тукулова и др. *Исламское финансирование: Анализ рынка Казахстана*. Астана. – 2024. – С. 46.
8. Togaibayeva, A., Ramazanova, D., Imzharova, Z., Alimpiyeva, T., Issibayeva, Y., & Imanchiyev, Z. *Correlation between religious and legal norms at the stage of postsecularization* // *European Journal of Science and Theology*. – 2021. - Vol.17, No.3. – P. 161-170.
9. Toilybekova E., Zhusupbekova M., Zhumagulova S., Abubakirova G. *Legal regulation of confessional relations in Kazakhstan* // *Pharos Journal of Theology*. – 2024. – Vol. 105, No. 3. – Pp. 1-11. – [Electronic resource]. – Available at: <https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.37> (accessed on: 02.02. 2025).
10. Қарин Е. *Қазақстандағы терроризм қауіп-қатері*. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post/9087> [қаралған күні: 27.02.2025].
11. Corley F., Kinahan J. *Kazakhstan: Religious freedom survey, June 2022* [Electronic resource]. – URL: https://www.forum18.org/archive.php?article_id=2753 (accessed on: 02.02.2025).
12. Durkheim É. *Education and Sociology*. – Glencoe: The Free Press, 1956. – 164 p.
13. Mead GH. *Mind, self, and society: from the standpoint of a social behaviorist*. Edited by: Morris CW. New edition. Chicago: University of Chicago Press; 2015. – 536 p.
14. Freud S. *The ego and the id*. Translated by: Strachey J. New edition. New York: W.W. Norton & Company; 2019. – 88 p.
15. Piaget J. *The moral judgment of the child*. Translated by: Gabain M. New edition. New York: Free Press; 2013. – 418 p.
16. Erikson E.H. *Childhood and society*. 2nd ed. - New York: W.W. Norton & Company; 1993. – 448 p.
17. Bourdieu P. *Outline of a Theory of Practice*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1977. – 248 p.
18. Джеймс У. *Многообразие религиозного опыта*. – Москва: АСТ, 2022. – 576 с.
19. Құран Кәрім, қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. – Медине, 1991. – 604 б.

20. Khafiz G., Kusbekov D., Kozhamzharova M., Akhmetova G., Aubakirova S. Multicultural Development of Religious Worldview in Contemporary Kazakhstani Society // *Filosofija. Sociologija*. – 2025. – Vol. 36, No. 2. – Pp. 213-227.
21. Bhargava R. Should Europe learn from Indian secularism? [Electronic resource]. – URL: https://www.india-seminar.com/2011/621/621_rajeev_bhargava.htm (accessed on: 07.07.2025).
22. Casanova J. The secular and secularisms // *Social Research: An International Quarterly*. 2009. Vol. 76, No. 4. P. 1049-1066.
23. Casanova J. *Public Religions in the Modern World*. - Chicago: University of Chicago Press, 1994. - 330 p.
24. Burova, E., Sagikyzy, A., Jamanbalayeva, S., Kassabekova, Y., Shagyrbay, A. The Role of Religion in Shaping Sociocultural Self-Identification of Society in Kazakhstan // *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*. - 2023. - 12(5), p. 144-156.

References:

1. Parsons T. *Sistema sovremennykh obshchestv* / Per. s angl. L.A. Sedova i A.D. Kovaleva. Pod red. M.S. Kovalevoj. – M.: Aspekt Press, 1998. – 270 s.
2. Berger, P.L., Luckmann, T. *Modernity, Pluralism and the Crisis of Meaning*. – Gütersloh: Bertelsmann Foundation, 1995. – P.120.
3. CHuprov V.I., Zubok YU.A., Uilyams K. *Molodezh v obshchestve riska. Vtoroe izdanie*- M.: Nauka, 2003. – 71 s.
4. Castells M. *The Rise of the Network Society*. – Oxford: Blackwell Publishers, 1996. – 556 p.
5. *Itogi Nacionalnoj perepisi naseleniya Respubliki Kazahstan 2009 goda*. Pod red. Smailova A.A. – Astana, 2011. – 65 s.
6. *Qazaqstan Respublikasyndagy ulttyq quramy, dini nanymy zhane tilderdi mengerui* . – Astana, 2023. – 541 b.
7. Kelbetov D., M.Tukulova i dr. *Islamskoe finansirovanie: Analiz rynka Kazahstana*. Astana. – 2024. – S. 46.
8. Togaibayeva, A., Ramazanova, D., Imzharova, Z., Alimpiyeva, T., Issibayeva, Y., & Imanchiyev, Z. Correlation between religious and legal norms at the stage of postsecularization // *European Journal of Science and Theology*. – 2021. - Vol.17, No.3. – P. 161-170.
9. Toilybekova E., Zhusupbekova M., Zhumagulova S., Abubakirova G. Legal regulation of confessional relations in Kazakhstan // *Pharos Journal of Theology*. – 2024. – Vol. 105, No. 3. – Pp. 1-11. – [Electronic resource]. – Available at: <https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.37> (accessed on: 02.02. 2025).
10. Qarin E. *Qazaqstandaғы terrorism qauip-qateri*. [electronic resource]. – URL: <https://abai.kz/post/9087> [karalzan kыni: 27.02.2025]
11. Corley F., Kinahan J. Kazakhstan: Religious freedom survey, June 2022 [Electronic resource]. – URL: https://www.forum18.org/archive.php?article_id=2753 (accessed on: 02.02.2025).
12. Durkheim É. *Education and Sociology*. – Glencoe: The Free Press, 1956. – 164 p.
13. Mead GH. *Mind, self, and society: from the standpoint of a social behaviorist*. Edited by: Morris CW. New edition. Chicago: University of Chicago Press; 2015. – 536 p.
14. Freud S. *The ego and the id*. Translated by: Strachey J. New edition. New York: W.W. Norton & Company; 2019. – 88 p.
15. Piaget J. *The moral judgment of the child*. Translated by: Gabain M. New edition. New York: Free Press; 2013. – 418 p.
16. Erikson E.H. *Childhood and society*. 2nd ed. - New York: W.W. Norton & Company; 1993. – 448 p.
17. Bourdieu P. *Outline of a Theory of Practice*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1977. – 248 p.
18. Dzhejms U. *Mnogoobrazie religioznogo opyta*. – Moskva: AST, 2022. – 576 s.

19. *Quran Karim, qazaqsha magyna zhane tusinigi. Audargan Halifa Altaj. – Medine, 1991. - 604 b.*
20. *Khafiz G., Kusbekov D., Kozhamzharova M., Akhmetova G., Aubakirova S. Multicultural Development of Religious Worldview in Contemporary Kazakhstani Society // Filosofija. Sociologija. – 2025. – Vol. 36, No. 2. – Pp. 213-227.*
21. *Bhargava R. Should Europe learn from Indian secularism? [Electronic resource]. – URL: https://www.india-seminar.com/2011/621/621_rajeev_bhargava.htm (accessed on: 07.07.2025).*
22. *Casanova J. The secular and secularisms // Social Research: An International Quarterly. 2009. Vol. 76, No. 4. P. 1049-1066.*
23. *Casanova J. Public Religions in the Modern World. - Chicago: University of Chicago Press, 1994. - 330 p.*
24. *Burova, E., Sagikyzy, A., Jamanbalayeva, S., Kassabekova, Y., Shagyrbay, A. The Role of Religion in Shaping Sociocultural Self-Identification of Society in Kazakhstan // Academic Journal of Interdisciplinary Studies. - 2023. - 12(5), p. 144-156.*

МРНТИ: 14.01.11

DOI: 10.51889/2959-6270.2025.91.3.005

Рахимова Г.Н.^{1*}, Хведелидзе Т. Б.¹, Сайлибаева Ж. Ю.¹
¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Республика Казахстан
*e-mail: gakku_almatycity@mail.ru

БУЛЛИНГ И АНТИБУЛЛИНГ: СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ

Аннотация

Проблемы буллинга как социального явления стали актуализироваться в разных странах, включая Казахстан, в начале XXI века. Его проявления среди несовершеннолетних вызывают особую тревогу в связи с тем, что они принимают такие формы и объемы, которые содержат в себе скрытую угрозу физическому и психическому здоровью и жизни подрастающего поколения. В современных условиях возникает острая необходимость исследования его генезиса в целях более глубокого понимания его истоков и выработки на этой основе надлежащих мер для последующего педагогического и правового реагирования как со стороны уполномоченных органов, педагогов и воспитателей, так и широкой юридической и педагогической общественности.

Любое социально значимое явление в своем генезисе содержит комплекс социальных факторов, которые формируются на финансово-экономической, культурно-исторической, политико-правовой основах. Исследование и оценка генезиса буллинга позволит определить наиболее значимые прогнозы дальнейшей динамики процессов, имеющих отношение к данному явлению.

Актуальность тематики исследования определяется социальным запросом и значением негативных последствий буллинга для формирования личности. Задача науки – на основе рассмотрения отдельных вопросов, имеющих отношение к буллингу, определить социальное значение мер по профилактике и снижению уровня буллинга в школьной среде.

Ключевые слова: природа буллинга, антибуллинг, социальные факторы формирования буллинга, травля, несовершеннолетний, школьная среда, ближайшее окружение, права ребенка.

Г.Н. Рахимова¹, Т.Б. Хведелидзе¹, Ж.Ю. Сайлибаева¹
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚОРҚЫТУ ЖӘНЕ ҚОРҚЫТУҒА ҚАРСЫ: ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Аңдатпа

Буллингтің әлеуметтік құбылыс ретіндегі проблемалары ХХІ ғасырдың басында әртүрлі елдерде, соның ішінде Қазақстанда өзекті бола бастады. Оның кәмілетке толмағандар арасындағы көріністері олардың жас ұрпақтың физикалық және психикалық денсаулығы мен өміріне жасырын қауіп төндіретін формалар мен көлемдерді қабылдауына байланысты ерекше алаңдаушылық туғызады.

Қазіргі жағдайда оның шығу тегін тереңірек түсіну және осы негізде уәкілетті органдар, педагогтар мен тәрбиешілер, сондай-ақ кең Заң және педагогикалық қоғам тарапынан кейінгі педагогикалық және құқықтық ден қою үшін тиісті шараларды әзірлеу мақсатында оның генезисін зерттеудің шұғыл қажеттілігі туындайды. Өз генезисіндегі кез-келген әлеуметтік маңызды құбылыс қаржылық-экономикалық, мәдени-тарихи, саяси-құқықтық негіздерде қалыптасатын әлеуметтік факторлар кешенін қамтиды.

Буллингтің генезисін зерттеу және бағалау осы құбылысқа қатысты процестердің одан әрі динамикасының маңызды болжамдарын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі әлеуметтік сұраныспен және жеке тұлғаны қалыптастыру үшін қорқытудың жағымсыз салдарының маңыздылығымен анықталады. Ғылымның міндеті-буллингке қатысы бар жекелеген мәселелерді қарастыру негізінде мектеп ортасындағы буллингтің алдын алу және деңгейін төмендету жөніндегі шаралардың әлеуметтік маңыздылығын айқындау.

Түйін сөздер: қорқытудың табиғаты, қорқытуға қарсы, қорқытудың қалыптасуының әлеуметтік факторлары, қорқыту, кәмілетке толмаған, мектеп ортасы, жақын орта, Бала құқықтары.

G.Rakhimova¹, T.Khvedelidze¹, Zh.Sailibayeva¹
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

BULLYING AND ANTI-BULLYING: SOCIAL AND LEGAL ASPECTS

Abstract

The problems of bullying as a social phenomenon began to emerge in various countries, including Kazakhstan, at the beginning of the 21st century. Its manifestations among minors are particularly alarming because they take forms and reach proportions that pose a hidden threat to the physical and mental health and lives of the younger generation. In the current environment, there is an urgent need to study its origins in order to gain a deeper understanding of its roots and, on this basis, to develop appropriate measures for subsequent pedagogical and legal responses by authorised bodies, teachers and educators, as well as the wider legal and pedagogical community.

Any socially significant phenomenon in its genesis contains a complex of social factors that are formed on financial, economic, cultural, historical, political and legal foundations. Research and assessment of the genesis of bullying will make it possible to determine the most significant forecasts of the further dynamics of processes related to this phenomenon.

The relevance of the research topic is determined by social demand and the significance of the negative consequences of bullying for personality development. The task of science is to determine

the social significance of measures to prevent and reduce bullying in schools by examining specific issues related to bullying.

Keywords: nature of bullying, anti-bullying, social factors contributing to bullying, harassment, minors, school environment, immediate environment, children's rights.

ВВЕДЕНИЕ

Термин «буллинг» происходит от английского слова «bullying», которое переводится как «задирать, запугивать» [1, 328]. Это слово в процессе различных исследований по кругу проблем, связанных с природой притеснений человека, находящегося в различных средах, постепенно приобрело определенное значение, которое варьируется в зависимости от целей и задач вектора исследования. В качестве термина оно вошло в научно-практический оборот благодаря проведению во второй половине XX века ряда социологических исследований по вопросам поведенческих мотиваций и последствий реализации отклоняющегося поведения. Как отмечают А.А. Бочавер и К.Д. Хломов, первое анонимное исследование буллинга в 1980-х годах проведено в Норвегии и Швеции Д. Ольвеусом [2, с. 149-150]. Исследованиями были охвачены коллективы взрослых людей. Таким образом, изначально под субъектами буллинга понимались представители взрослого населения. Значительно позднее буллинг стал предметом исследований, имеющих отношение к детскому, школьному, подростковому слоям населения.

Оценка буллинга в среде несовершеннолетних не должна ограничиваться только проблемами частного характера и пониматься как одно из направлений возрастной психологии. Буллинг в своем значении значительно шире узкого утилитаризма: природа этого явления тесно взаимосвязана с участием в этом процессе взрослых людей.

В настоящее время в содержание термина «буллинг» принято включать целую систему понятий, которые в комплексе охватывают очень широкий спектр отношений, складывающихся между людьми. Буллинг трактуется как системная, то есть многократно повторяющаяся, травля, дискриминация, а также постоянное запугивание, преследование, агрессивное поведение, имеющее целью причинение одним человеком вреда другому человеку путем применения насилия над личностью в различных формах. В качестве форм насилия, реализуемых в процессе буллинга, усматриваются физическое воздействие (избиение, нанесение травм, глумление, порча имущества), вербальное воздействие (словесные оскорбления, обидные клички, нецензурная брань, высказывание угроз, дразнилки, распускание клеветы и сплетен), психологическое воздействие (плевок, унижительные жесты и намеки, демонстрация собственного превосходства, игнорирование, остракизм, телефонный «террор»). Поведение, в структуре которого усматриваются признаки приведенных форм насилия, специалисты относят к психологической патологии. Иными словами, буллинг – это отражение психологического сбой личности, природа которого характеризуется большой сложностью и обусловлена социальными факторами.

Актуальность тематики исследования обусловлена следующими обстоятельствами:

- рост поведенческих отклонений, трансформирующихся в буллинг, в среде несовершеннолетних;
- высокий риск наступления тяжелых последствий в результате буллинга, включая необратимые в виде устойчивой потери психического здоровья личности, совершения и/или попыток совершения суицида;
- высокая латентность буллинга, сложность своевременного реагирования на его проявления;
- государственная политика в области просвещения, направленная на создание гарантированных условий для интеллектуального роста, физического развития и формирования целостной личности гражданина Казахстана, обладающего устойчивой гражданской позицией;

- поручение Главы государства Президента Республики Казахстан К.-Ж. К. Токаева, адресованное правоохранительным органам во время его выступления на республиканском съезде педагогов 5 октября 2023 года, по вопросам принятия самых жестких мер по фактам буллинга в школах [3].

Актуальность темы подтверждается фактическими данными. Так, по сведениям НЦОЗ РК (Национальный центр здравоохранения РК), в результате проведенных опросов выявилось, что в 2018 году более 12% учащихся подвергались буллингу, в 2024 году – уже 17,5%. В целом в 2024 году в 6,8% опрошенных показали, что с частотой 2-3 раза в месяц они подвергаются буллингу; 14,5 опрошенных признались, что сами совершали буллинг [4]. Превалирующая часть этих данных с небольшими отклонениями сходна с результатами опроса, проведенного в 2024 году в рамках деятельности ЮНИСЕФ Казахстан: 66% опрошенных в самых разных формах сталкиваются со школьным насилием и дискриминацией; 12% несовершеннолетних в возрасте 11-15 лет периодически (1 и более раз в месяц) подвергаются кибербуллингу; имеются более высокие данные о непосредственном участии в совершении буллинга самих опрошиваемых – 24% [5].

По данным ВОЗ (Всемирная Организация Здравоохранения), со слов Уполномоченного по правам ребенка в Казахстане Динары Закиевой, Казахстан занимает 10-е место в мире по суициду несовершеннолетних, в том числе – по причине буллинга в отношении таких жертв. Что выступает причинами школьного буллинга? Вопрос этот крайне сложный, тем не менее можно указать на некоторые причины: успеваемость, внешность, манера одеваться, диалект, физическая сила, самооценка, страх и тревожность, депрессия, физические недостатки [6].

Цель исследования: установление этапов формирования буллинга и его трансформации в социально значимое явление в мировой и отечественной практике.

Для достижения цели решены следующие задачи:

- 1). Установление особенностей понятийно-терминологического сопровождения исследовательской деятельности по вопросам генезиса школьного буллинга;
- 2). Анализ современных казахстанских подходов к пониманию сущности буллинга среди несовершеннолетних;
- 3). Краткое описание зарубежного опыта профилактики и противодействия школьному буллингу.

МЕТОДОЛОГИЯ

Применены методы исследования: контент-анализ, правовой анализ и оценка, статистический, сравнительно-правовой. Основное внимание сосредоточено на применении метода сравнительно-правового анализа, который выступает в качестве базового и приоритетного метода исследования.

Выбор данного метода обусловлен тем, что цель статьи заключается в выявлении эффективности существующего законодательства, направленного на предупреждение буллинга в образовательной среде, а также в обосновании необходимости его совершенствования.

Применение метода правовой анализы реализовано через следующие этапы:

Комплексный анализ нормативно-правовых актов Республики Казахстан, включая Конституцию, Закон «Об образовании», Закон «О правах ребёнка», Уголовный кодекс, Кодекс об административных правонарушениях и иные документы, регулирующие поведение несовершеннолетних и ответственность за противоправные действия в школьной среде.

Анализ подзаконных актов и внутренних школьных регламентов, направленных на профилактику буллинга и защиту участников образовательного процесса.

Оценка правоприменительной практики – изучение статистических данных, отчетов уполномоченных органов, публикаций в СМИ и экспертных комментариев с целью выявления несоответствий между нормой и её фактической реализацией.

Сравнительно-правовой анализ международного опыта (Финляндия, США, Австрия и т.д.), позволяющий определить эффективные подходы к законодательному регулированию антибуллинговой политики и возможности их адаптации в условиях Республики Казахстан.

Таким образом, метод правовой анализы позволил выявить существующие пробелы и неопределенности в правовом регулировании буллинга, а также обосновать необходимость разработки системного подхода к юридическому признанию и предупреждению данного явления.

В качестве основной методологии приняты приоритеты, закрепленные в Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года [7], актуальные положения, отраженные в постановлениях Правительства, а также диалектико-материалистический метод, являющийся основным в теоретико-правовых и историко-политических изысканиях.

РЕЗУЛЬТАТЫ

В ходе применения метода правового анализа выявлены значительные пробелы и неопределённости в нормативно-правовом регулировании буллинга в образовательной среде Республики Казахстан. Анализ действующих нормативных актов, включая Конституцию, Закон «Об образовании», Закон «О правах ребёнка», Уголовный кодекс и Кодекс об административных правонарушениях, показал недостаточную детализацию и отсутствие единых подходов к определению и классификации буллинга, что затрудняет эффективное правоприменение.

Исследование подзаконных актов и внутренних школьных регламентов выявило разнородность и неполноту мер профилактики, а также слабую координацию действий между образовательными учреждениями и правоохранительными органами. Оценка правоприменительной практики на основе статистики, отчетов и экспертных мнений указала на низкий уровень информированности и недостаток системного мониторинга случаев буллинга.

Сравнительно-правовой анализ международного опыта, в частности Финляндии, США и Австрии, позволил определить ряд эффективных законодательных и организационных мер, которые способствуют снижению уровня буллинга и обеспечивают комплексную защиту пострадавших. Возможность адаптации этих подходов в законодательную систему Казахстана обоснована с учетом национальных социальных и правовых условий.

Қазақстандағы саяси құндылықтардың қалыптасуы мен өзгерісін тарихи және әлеуметтік контекстті ескере отырып қарастыруға мүмкіндік береді. Институционалдық тәсіл арқылы саяси құндылықтардың мемлекеттегі формалды құрылымдармен, яғни заңнама, мемлекеттік саясат, сайлау жүйесі және институттармен өзара байланысы талданады. Бұл ретте, саяси құндылықтардың қалыптасуында мемлекеттік институттардың, атап айтқанда, сайлау жүйесінің және азаматтық қатысу құралдарының рөлі ескеріледі. Жүйелі талдау тәсілі саяси құндылықтарды қоғамның түрлі деңгейлері мен элементтері арасындағы өзара байланыс пен ықпалдастық тұрғысынан қарастырады. Бұл тәсіл құндылықтар жүйесін біртұтас құрылым ретінде түсінуге мүмкіндік береді және саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық факторлар өзара әсер етеді. Салыстырмалы әдіс, Қазақстандағы саяси құндылықтардың трансформациясын халықаралық контексте талдауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде Қазақстандағы мәліметтерді басқа елдердің тәжірибесімен тікелей салыстыру көзделмесе де, жаһандық трендтер мен трансұлттық факторлардың ықпалын бағалау маңызды.

Қазақстандағы құндылықтар динамикасын зерттеу барысында, эмпирикалық деректер, халықаралық сауалнамалар, нормативтік-құқықтық актілерді зерттеу кешенді түрде қарастырылған. Зерттеу дереккөзінің басты эмпирикалық базасы ретінде World Values Survey (WVS) халықаралық жобасының 2011 және 2018 жылдары Қазақстанда өткізілген әлеуметтік сауалнамалары таңдалды. Бұл сауалнамалар қоғамның құндылықтық бағдарлары мен әлеуметтік-саяси көзқарастарының ұзақ мерзімді өзгерісін зерттеуге бағытталған. 2011 жылы жүргізілген сауалнама қараша-желтоқсан айларында 1500 респондентті қамтып, Қазақстанның барлық аймақтарын зерттеу арқылы деректердің репрезентативтілігін қамтамасыз етті. Ал, 2018 жылы қазан-қараша айларында өткізілген сауалнама - 1276 респонденттің қатысуымен жүзеге асырылды [9]. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы саяси құндылықтардың эволюциясын, сондай-ақ, әлеуметтік және мәдени факторлардың әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Фридрих Эберт қорының жүргізген зерттеу нәтижелері қайта сарапталды. Аталмыш зерттеу 2018 жылғы шілде айының 17-31 аралығында, 1600 респонденттің жауаптары негізінде жүзеге асырылды. Іріктеме кездейсоқ түрде қалыптастырылды және Қазақстанның ересек тұрғындарын қамтып, олардың жынысы, жасы, этникалық тегі, білім деңгейі және тұрғылықты жері бойынша әртүрлілігін ескереді [10, 140 б.].

Цифрлық азаматтықтың жаңа формаларын бағалау мақсатында otinish.kz платформасындағы қоғамдық петицияларға, соның ішінде 2022 жылы Алматы қаласы әкімінің отставкасына қатысты бастамаға контент-талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс интернет-ортадағы саяси белсенділік пен азаматтық қатысу құралдарының сапалық мазмұнын талдауға мүмкіндік берді.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нәтижелері Қазақстан қоғамындағы саяси құндылықтар жүйесінің трансформациясы үдерісі күрделі, көпқырлы және кезең-кезеңімен жүріп жатқанын көрсетті. Бұл өзгерістер ең алдымен институционалдық реформалармен, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың ауысуымен және цифрлық коммуникация құралдарының дамуымен тығыз байланысты. Рональд Инглхарт постматериалистік теориясы тұрғысынан қарастырғанда, Қазақстандағы құндылықтар жүйесінде материалистік бағдарлар әлі де басым, алайда постматериалистік көзқарастардың қалыптаса бастағаны байқалады. Бұл тұжырымды Фридрих Эберт қорының 2018 жылғы сауалнамасының нәтижелері де дәлелдеуде. Азаматтардың басым көпшілігі үшін тұрақтылық, әлеуметтік әділеттілік, еңбекқорлық пен отбасы құндылықтары басты орында тұрса, демократиялық қатысу, сөз бостандығы мен билікке сенім деңгейі төмен күйінде қалып отыр. Бұл - қазақстандықтардың саяси мәдениетінің гибриді сипатын, яғни дәстүрлі консерватизм мен модерндік тенденциялардың қатар өмір сүруін білдіреді. Зерттеуде азаматтардың саяси белсенділік деңгейі мен институционалдық сенім арасындағы алшақтық та айқындалды. Атап айтқанда, респонденттердің көпшілігі мемлекеттік органдарға сенімсіздік білдіргенімен, формалды

емес саяси қатысу түрлеріне қызығушылық танытып отырғаны байқалды. Бұл тенденция қазақстандықтардың дәстүрлі саяси механизмдерге сенім азайғанын, бірақ жаңа, икемді және бейформалды саяси қатысу арналарын белсенді қолдана бастағанын көрсетеді.

Қазақстандағы құндылықтар динамикасын сипаттайтын бірқатар еңбектермен салыстырғанда, бұл зерттеу бірнеше маңызды аспектілермен ерекшеленеді. Мәселен, «*Are Youth Different? The Nazarbayev Generation and Public Opinion in Kazakhstan*» атты мақалада Қазақстан жастарының саяси және экономикалық көзқарастарының ерекшеліктері талданады [11, 251 б.]. Зерттеу нәтижелері бойынша, «Назарбаев ұрпағы» (18-29 жас аралығы) материалдық теңсіздікке төзімдірек, әлеуметтік мемлекетке деген сұранысы төмен және непотизм мен отбасылық билікке қатысты сыншылдық деңгейі төменірек екені анықталған. Бұл жастар тобы, президенттік билік шоғырланған кезеңде әлеуметтенуден өткендіктен, олар авторитарлық режимнің құндылықтарын қабылдауға бейім болып шыққан. Аталған мақалада «Назарбаев ұрпағының» саяси көзқарастары, әсіресе теңсіздікке қатынасы сипатталады. Алайда, ол азаматтардың құндылық трансформациясын жаһандық құндылықтар эволюциясы контекстінде немесе постмодерндік құндылықтармен байланыстырып қарастырмайды. Біздің зерттеу, керісінше, құндылықтардың эволюциясын макро-деңгейдегі әлеуметтік өзгерістермен және микро-деңгейдегі цифрлық қатысу тәжірибесімен байланыстыра отырып талдайды. Сонымен қатар, «*Between traditions and globalization: value orientations among Kazakhstanian youth*» мақаласы жастар арасындағы дәстүрлі және жаһандық құндылықтар арасындағы шиеленісті сипаттайды [12, 2 б.]. Бұл зерттеуде негізінен мәдени-идеялық өлшемге, ұлттық сәйкестік пен жаһандану үдерісінің жастар құндылықтарына әсеріне назар аударылған. Авторлар жастардың діни және ұлттық идентификациясын, сондай-ақ отбасылық, патерналистік немесе консервативтік құндылықтарға бейімділігін сипаттауға тырысқан. Ал біздің зерттеуіміз, бұл тақырыпты өзгеше әдіснамалық және мазмұндық бағытта толықтырады. Атап айтқанда, барлық қазақстандықтардың саяси құндылықтар жүйесіндегі трансформациясына ерекше назар аударылып, олардың саяси белсенділік формаларының конвенционалды/институционалды және конвенционалды емес түрлеріндегі басымдықтар талданды.

Сонымен қатар, гипотеза мен зерттеу нәтижелері, Қазақстандағы саяси құндылықтар мен саяси жүйенің эволюциясы арасындағы терең, әрі кешенді процестердің арасындағы байланыс бар екендігін дәлелдейді. Зерттеу барысында ұсынылған гипотеза, яғни Қазақстандағы саяси құндылықтар жүйесінің трансформациясы эмпирикалық деректермен расталады. Гипотезаға сәйкес, урбанизация, индустриализация және білім берудің кең таралуы адамдардың әлемге деген көзқарасын өзгертіп, жаңа постмодерндік құндылықтардың қалыптасуына жол ашады. Бұл өзгерістер, өз кезегінде, демократиялық институттар мен саяси жүйелердің дамуына ықпал етеді. Қазақстандағы саяси құндылықтар жүйесінің трансформациясы, азаматтардың саяси институттарға, билікке деген талаптарын арттырып, сенімділік көрсеткіштерінде көрініс табуда. Қоғамдағы бұл өзгерістер жаңашылдыққа, азаматтық қатысудың формаларының өзгерісіне, теңдік пен өзін-өзі көрсетуге деген қызығушылықтың артуымен бірге жүріп жатыр. Бұл постмодерндік құндылықтардың әлеуметтік құрылымдарға әсерін көрсетеді.

Болашақтағы зерттеу перспективаларын назарға алатын болсақ, біріншіден - жастар арасындағы саяси құндылықтардың қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау маңызды екенін атап өткеніміз жөн. Соның ішінде, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардың рөлі ерекше мәнге ие. Цифрлық азаматтықтың дамуымен байланысты саяси қатысу түрлерінің эволюциясы тереңірек зерттеулерді қажет етеді. Себебі, бұл үрдістер қазіргі қоғамдағы жаңа трендтерді түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден - Қазақстандағы әртүрлі этникалық топтардың саяси құндылықтары мен қатысу тәжірибесінің айырмашылықтарын зерттеу де маңызды, өйткені этникалық және аймақтық ерекшеліктер қоғамдағы интеграциялық процестер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажеттілікті туындатуы мүмкін. Үшіншіден - зерттеудің келесі кезеңдерінде ұзақ мерзімді

панельді зерттеулер жүргізу ұсынылады, өйткені саяси құндылықтар мен азаматтық белсенділіктің өзгерістері уақыт өте келе қалыптасатын үрдістер болып табылады. Ұзақ мерзімді зерттеулер қоғамдағы осы өзгерістердің тұрақтылығын және олардың болашақтағы ықпалын бағалауға мүмкіндік береді

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Заманауи қазақстандықтардың құндылық жүйесі. Құндылықтардың сан алуан түрлері бар. Осындағы жалпы адамзаттық, универсалды құндылықтардың ішінде саяси құндылықтар-дың рөлін анықтау үшін ең алдымен оларды қарастыруымызды жөн көрдік (1-кесте).

1 кесте - Заманауи қазақстандықтардың жеке құндылықтарының иерархиясы, орташа балл (7 балдық шкала бойынша), Ф. Эберт қорының нәтижелері

Құндылықтар	балл	Құндылықтар	балл
Отбасы қауіпсіздігі	6,54	Төзімділік	5,95
Ата - аналар мен үлкендерді құрметтеу	6,22	Өзімен бірге бірегейлікте өмір сүру	5,93
Отбасы алдындағы міндеттері / борышы	6,19	Шығармашылық және өзін-өзі тану	5,88
Еңбекқорлық	6,19	Қоғам алдындағы жауапкершілік	5,88
Қоғамдағы тәртіп	6,14	Ұтымдылық, рационалдылық	5,86
Жақсы білім	6,14	Қоғам алдындағы міндет / борыш	5,86
Жақын адамға көмек	6,14	Пікірлердің әртүрлілігі	5,79
Жақын достарымен, туыстарымен, әріптестерімен қарым-қатынас	6,11	Құдайға сену	5,69
Достарды, ұжымды қолдау	6,08	Мінсіз бедел	5,63
Теңдік	6,06	Мансап	5,48
Әлеуметтік әділеттілік	6,04	Байлық	5,36
Таңдау еркіндігі	5,99	Қоғамдағы жоғары позиция	5,15
Дәстүрлер	5,97	Билік	4,96

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, қазақстандықтардың құндылықтар жиынтығы консервативтік және тұрақтылыққа бағытталған саяси мәдениетті бейнелейді. Отбасылық құндылықтардың, еңбекқорлықтың, әлеуметтік әділеттіліктің басымдығы қоғамда прагматикалық емес, моральдық және әлеуметтік ұстанымдардың маңызды екенін көрсетеді. Отбасы қауіпсіздігі, ата-аналарды құрметтеу, және отбасылық борыштың жоғары бағалануы дәстүршіл қоғамның сипатын көрсетеді. Мұндай қоғамдарда консервативті саяси көзқарастар басым болуы ықтимал.

Сонымен қатар, Ф.Эберт қоры ұсынған зерттеуге сәйкес құндылықтардың қандай бағытта дамуында екенін ажыратуымызға болады. Бұл мәлімет Қазақстан қоғамындағы құндылықтар жүйесінің басымдықтарын көрсетіп, саяси және әлеуметтік үрдістерге қалай әсер ететінін талдауға мүмкіндік береді. Берілген құндылықтар саяси басымдықтар, мемлекеттік саясаттағы трендтер мен қоғамның негізгі мәселелері туралы маңызды ақпарат береді (2-кесте).

2 кесте - «Бүгінгі күні қазақстандық қоғам үшін ең маңызды деп нені атайсыз?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері, Ф.Эберт қорының нәтижелері

Құндылықтар	%	Құндылықтар	%
Байлық/өркендеу	44,6	Қазақ тілін жетілдіру	15,1

Жемқорлықпен күрес	44	Әлеуметтік қорғау	14,6
Заңдылық және тәртіп	33,3	Экология, таза айнала	13,4
Тұрақтылық	29,1	Ер адамдар мен әйел адамдардың теңдігі	11,6
Теңдік және әділеттілік	23,6	Мемлекеттік модернизация	10,1
Ең дамыған мемлекеттердің қатарына кіру	21,9	Адамгершілік нормаларының сақталуы, ұят	9,6
Қазақстанның тәуелсіздігін, суверенитетін қорғау	21,3	Ислам	9
Мықты отбасы	20,5	Ар - намыс, абырой/ намыс	5,8
Еркіндік	20,4	Барлық этникалық топтардың теңдігі	5,4
Рухани жаңғыру	17,8	Түрік әлеміндегі көшбасшылық	2,1
Дәстүрлердің қайта жаңғыруы	16,6	Орталық Азия аймағындағы көшбасшылық	2
Заманауи әлемге қайта ену	16,6	Жауап беруге қиналамын	0,7


Сауалнама нәтижелерін сараптай келе, байлық пен өркендеуге басымдықтың жоғары болуы (44,6%) халықтың экономикалық жағдайды жақсартуға басымдық беретінін көрсетеді. Бұл материалдық жетістік пен әлеуметтік өрлеуге деген жоғары сұранысты білдіреді. Жемқорлықпен күрестің (44%) халықтың басты сұраныстарының бірі болуы, мемлекеттің басқару сапасына сенімсіздік деңгейін көрсетеді. Азаматтар заң үстемдігін, әділдік пен тәртіптің орнауын талап етеді. Халық биліктен экономикалық реформалар мен жемқорлықты жоюға бағытталған шаралар күтуде. Мемлекеттік басқаруда транспаренттілік пен есеп беру жүйесін күшейту қажеттілігі артуда. Жемқорлықпен күреске сәтті қол жеткізген саяси күштер қоғамдық қолдауға ие болатынын болжай аламыз.

Біздің ойымызша, қазақстандықтардың байлық пен өркендеу таңдауын жасау орынды жағдай. Мәселен, 2020 - 2021 жылғы адам басына шаққандағы шығындар көрсеткішін қарастыратын болсақ, жыл сайын артып жатқанын байқай аламыз. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің жанындағы «Әлемдік экономика және саясат» институтының сарапшысы Камилла Ковязинаның (2017-2019 жж.) еліміздің 17 аймағында шамамен 2,5 мың адам қатысқан зерттеу нәтижелеріне сәйкес, «Азық-түлікке қанша қаражат жұмсалады?» деген сұраққа, дамыған елдерде кірістің 15-20%-ы бөлінетіні анықталған. Ал, Қазақстанда тұрғындардың тек 11,3%-ы кірістерінің 25%-ын азық-түлікке жұмсайды. Негізгі бөлігі қаражатының төрттен бірін осы мақсатқа бағыттаса, халықтың 50%-ы табысының шамамен 45%-ын, ал 16%-ы дерлік бар кірістерін азық-түлікке шығындайды. Сонымен қатар, қазақстандықтардың 17%-ы жалақыдан жалақыға дейін өмір сүрсе, 26%-ы жинақтарын пайдаланып немесе қарызға кіруге мәжбүр. Күтпеген шығындарды несиесіз жаба алмайтындар – 44%, ақылы медициналық қызметке жүгіну мүмкіндігі жоқ азаматтар – 26%, ал қажетті дәрі-дәрмекке қаржысы жетпейтіндер - 19%. Респонденттердің 40%-ында мүлде үнемдеуге мүмкіндік болмағаны байқалды. «Күтпеген шығын болған жағдайда ақшаны қайдан аласыз?» деген сауалға қатысушылардың 45%-ы банкке несиеге жүгінетінін, 33%-ы таныстарынан қарыз алатынын, ал 30%-ы қосымша табыс көзін іздейтінін атап өтті [13].

Өдеттегідей азаматтардың саяси құндылықтарын жүйелеу барысында, ондағы саясатқа қызығушылық пен оның маңызын зерттеуден бастау алуымыз қажет деп қарастырдық. 2011 жылы - 9% респондент үшін саясат «өте қызық» болса, 2018 жылы одан да төмен - 8,6% құрады. Респонденттердің басым бөлігі, мәселен 2011 жылы - 41,1% «аса қызық емес» деп жауап берсе, 2018 жылы шамамен артып - 43,7% саясатқа қызықпайтынын атап көрсетті. «Біршама қызығушылық бар» деп 2011 жылы - 35% тұрғындары жауап берсе, «мүлдем қызықтырмайды» деп - 14,9% жауап берді. Салыстырмалы түрде, 2011 жыл мен 2018 жылғы

зерттеу нәтижелері арасында үлкен айырмашылықтар байқалмағанымен, саясатқа деген қызығушылық шамамен төмендегені анықталды (3-диаграмма).

3 диаграмма - «Саясатқа қаншалықты деңгейде қызығушылық танытасыз?» деген сұраққа жауап, 2011/2018, (WVS)



Сонымен қатар, жас ерекшеліктерге назар аударатын болсақ, жасы 65 және одан да жоғары азаматтар - 20% көрсеткішпен саясатты «өте маңызды» деп атап көрсетті, ал «маңызды» деп 16-24 жастағы - 45,2% респондент жауап берді. Ең жиі саяси ақпарат ізденушілер арасында 16-24 және 25-34 жас аралығы. Ал, қазақстандықтардың жасы үлкейген сайын белсенділік біршама төмендеуде. Дегенмен, жас көрсеткішіне орай корреляцияда саяси белсенділіктің жоғары айырмашылықтарын байқалмады. Демек, қазақстандықтардың құндылықтар жүйесінде бір сабақтастық бар деп те айта аламыз.

Заманауи қазақстандықтардың құндылықтар жүйесіндегі саясаттың маңыздылығына табыс деңгейі де әсер етуде. Осылайша, зерттеу нәтижелеріне сәйкес, жоғары табысы бар азаматтар (55,2%) табысы төмен азаматтарға (30,5%) қарағанда, саясатты «өте маңызды» және «маңызды» деп санайды. «Аса маңызды емес» және «мүлдем маңызды емес» деп, табысы төмен тұрғындар арасында - 66,9% анықталса, жоғары табысы бар азаматтар арасында бұл көрсеткіш – 44% құрады. Саясаттың маңыздылығына табыс деңгейі де әсер етуде.

1991 жылы КСРО-ның ыдырауы және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы Қазақстан азаматтарының мәдени және саяси құндылықтағы терең өзгерістеріне әсер етті. Кеңестік жүйені демократиялық жүйеге трансформациялаудың кейінгі қиындықтары сенімсіздік пен әлсіздік сезімін одан әрі күшейтті. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан халқының көңіл-күйінде кедейлік пен айырылу тәжірибесі басым болды. Бұл демократиялық мемлекеттің және оның саяси институттарының жаңа формасын қабылдау/қабылдамау дәрежесіне жоғары деңгейде әсер етті.

Саяси құндылықтардың көрінісі: саяси қатысу және саяси белсенділік. Әрине, құндылықтар әдеттегідей адамның мінез - құлқының ерекшелігін және саясат саласындағы таңдауын анықтайды. Құндылық негізінде адамның саясатқа белсенді қатынасы қалыптасады, ол оның мақсатты әрекеттерінде көрініс табады. Саяси мінез - құлық, саяси іс - әрекеттің әртүрлі нысандарын қамтиды. Мәселен, дауыс беру, наразылық акциялары, митингілер, шерулер, демонстрациялар, партиялар мен қоғамдық ұйымдар құру. Зерттеушілер өз еңбектерінде 1960 жылға дейінгі саяси белсенділіктің қатысуы тек саяси белсенділіктің дәстүрлі түрлерімен байланысты екенін атап өтті. 1972 жылы Верба С. және Най Н. «Америкадағы партизандық: саяси демократия және әлеуметтік теңдік» кітабында [14, 224 б.] саяси белсенділік азаматтардың дауыс беруге және компанияларда жұмыс

істеуге, билік өкілдеріне жүгінуге, саяси кездесулерге қатысуға және партиялар мен басқа да саяси ұйымдарға мүшелікке қатысуын білдірді. Олар наразылықтарды, шерулерді және басқа да қызмет түрлерін саяси белсенділік ретінде қарастырған жоқ. Сондықтан көптеген батыс ғалымдары сайлауда жастардың немқұрайлылығын көріп, жастардың аполитикалық және саясаттан тыс екенін айтты. Алайда, 1960 жылдан бастап АҚШ-та наразылықтар мен саяси белсенділіктің басқа түрлері кеңінен таралып, негізгі қатысушылары жастар болды. 1979 жылы Барнес С. пен Каас М. [15, 539 б.] саяси белсенділік тұжырымдамасын кеңейтіп, оған дәстүрлі институционалдық қатысудан тыс әрекеттерді де енгізді. Ғалымдар «наразылықты» саяси белсенділіктің дербес формасы ретінде қарастырып, азаматтардың ереуілдерге, бойкоттарға, петицияларға қол қоюға және демонстрацияларға қатысуға дайындық деңгейін оның құрамдас элементтері ретінде айқындады. Швед ғалымдары Экман Д. және Амна Э. [16, 283 б.] жастардың саяси белсенділігі тұжырымдамасына «жаңа көзқарас» ұсынып, оны түсіндірудің баламалы тәсілдерін ұсынады. Олардың пікірінше, азаматтардың саяси белсенділігін тек ресми немесе институционалдық саясат шеңберінде қарастыру жеткіліксіз, сондықтан саяси қатысудың жаңа формаларына да назар аудару қажет.


Тул Т., Марш Д. және Джонс С. [17, 49 б.] еңбектерінде саяси белсенділіктің балама түрлеріне назар аударылып, жастардың саясатқа және саяси қатысудың табиғатына қатысты көзқарастарының өзгергені айқындалады. Авторлардың пайымдауынша, жас азаматтар үшін дәстүрлі формальды немесе институционалдық қатысу нысандарына қарағанда, саяси белсенділіктің дәстүрлі емес формаларына басымдық беру үрдісі күшейіп келеді. Мұндай трансформация жаһандық деңгейде байқалуда. Жыл сайын зерттеушілер азаматтарды саясатқа тартудың барлық жаңа жолдарын ашып көрсетуде. Олардың қатарында әлеуметтік қозғалыстар, трансұлттық саяси желілер, цифрлық және желілік белсенділік, саяси тұтынушылық пен бойкот сияқты тәжірибелер бар. Мұндай тәжірибелер белгілі бір өнімдерді сатып алудан бас тарту немесе тұтынушылық бойкот жариялау, яғни саяси элитаға ықпал етудің құралына айналуға. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде саяси қатысудың институционалды емес формалары кеңінен қарастырылып, азаматтардың саяси өмірге қатысуы «жүйе шеңберінде» де, «жүйеден тыс» та жүзеге асуы мүмкін екендігі атап өтіледі [18, 32 б.]. Осылайша, саяси белсенділік тұжырымдамасының дәстүрлі емес бағытын қабылдауда елеулі трансформация байқалады.

Осы орайда қазақстандықтардың азаматтық белсенділігінің бір көрсеткіші ретінде олардың түрлі ұйымдарға мүшелігі қарастырылды. Бұл тұрғыда келесідей сұрақ қойылды, «Көрсетілген ұйымдарға белсенді қатысасыз ба, мүше бола отырып белсенділік танытпайсыз ба, әлде аталған ұйымдардың құрамына мүлде кірмейсіз бе?». Мәселен, 2018 жылғы зерттеу нәтижелері қазақстандықтардың басым көпшілігі - 89,7%-ының экологиялық ұйымдарға мүше еместігін көрсетті. Респонденттердің тек 3,9%-ы өзін белсенді/белсенді емес мүше ретінде сипаттаса, 6,3%-ы «білмеймін» деп жауап берген. Ал, саяси партияларға мүшелікке қатысты мәліметтерге сүйенсек, қатысушылардың 83,2%-ы «мүше емеспін» десе; 9,2%-ы - «белсенді емес мүше»; 1,6%-ы - «белсенді мүше» екенін, ал 6%-ы «білмеймін» деп көрсеткен. Дегенмен, бұл деректер саяси белсенділік тек ұйымдарға мүшелікпен шектелетінін білдірмейді. Қазіргі кезеңде азаматтардың саяси қатысуының алуан түрлі нысандары бар екендігі айқындалуда. Айтар болсақ, петицияға қол қою, ресми институттарға өтініш, интернет желісінде комментарий жазу, саяси оқиғаларды қадағалап отыру және т.б. Дегенмен, қазақстандықтар арасында саяси партияларға мүше болу саяси белсенділік ретінде деңгейі төмен болып анықталуда. Біздің ойымызша, бұл партиялар арасындағы бәсекелестіктің болмауы, партияға мүше болудың нәтижесінде саяси процестер мен саяси шешімдерге шынайы әсер етудегі сенімділіктің жоқтығынан да туындауы мүмкін. Әрине бұл бағытта саяси реформалар жүргізілуде. Мәселен, 2020 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Заңға қол қойды. Түзетулердің негізгі міндеттері - бір саяси партиядан Мәжіліс және мәслихаттар (жергілікті өкілді органдар)

депутаттығына кандидаттарды тіркеу үшін тізімге енгізілген адамдардың жалпы санынан 29 жасқа толмаған жастар мен әйелдер үшін кемінде 30% мөлшерінде квота айқындау [19].

Зерттеу нәтижесінде заңды және бейбіт демонстрацияларға қатысуға қатысты қоғамдық пікірдің салыстырмалы түрде тұрақты екені байқалады (4-диаграмма). Алайда, нақты қатысушылар санының төмендеуі саяси белсенділіктің әлсіреуін көрсетеді. Сонымен қатар, «білмеймін» және «жауап жоқ» категорияларының пайда болуы саяси тақырыптарға қатысты сақтық пен жауап беруден бас тарту үрдісін де көрсетеді. Бұл орайда, Қазақстандағы саяси белсенділікті арттыру үшін азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар аудару қажет.

4 диаграмма – «Бейбіт шерулерге қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері, 2011/2018, (WVS)



Жоғарыда атап өткеніміздей әлеуметтік желілер мен интернеттің дамуы азаматтардың онлайн белсенділігінің артуына себепші құрал болуы мүмкін. Қазіргі таңда қазақстандықтар арасында петиция арқылы саяси белсенділікті танытудың формасы ретінде артуда. Петициялар азаматтардың билікке жүгінуінің танымал және тиімді нысаны болып табылады. Мәселен, 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалардан кейін бірден Алматы тұрғындары қала әкімі Б.Сағынтаевты қызметінен айыруды талап еткен петиция кейсін қарастырып өтуімізге болады:

«Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев өз өміріндегі ең маңызды емтиханнан өте алмады. Қала үшін қиын күндерде қала тұрғындарын моральдық жағынан да, физикалық жағынан да қолдамады. Ол алматылықтарға үндеумен қарапайым эфирге шыққан жоқ. Біз оны қаңтар айының 8-не дейін қоғамдық алаңнан көрмедік. Бұл - өте кешіккен қадам, мұндай сәттерде кідіріс жасауға болмайды, себебі қаңтардың 4-нен бастап қалаға ашынған террористік топтар шабуыл жасап жатқан еді. Елдің ең ірі мегаполисінің әкімі халықтан 4 күн бойы жасырынып жүрді. Оның орнына, ел Президенті ретіндегі Сіздің әрекеттеріңіздің арқасында жағдай реттеліп, бәсеңдей бастаған сәтте ғана, әкімнің ортада қайтадан көрінуге батылдығы жеткенін байқаймыз. Қала әкімінің әрекеті мен әрекетсіздігіне деген біздің көңіл қалуымыз жүйелі сипатқа ие. Қалалық Қоғамдық кеңесте тұрғындарымыздың белсенділігіне қарамастан, Б.Сағынтаев мырза балалар мен жақындардың қауіпсіздігі сияқты қала үшін басты құндылықты қоса алғанда, барлық бағытта өзінің жеке күн тәртібін жалғастырып келеді. Біз, Б.Сағынтаев мырзаның пандемия кезінде де, террористік шабуылдар кезінде де, ең күрделі сәттерде басшы ретінде өзінің толық дәрменсіздігін көрсеткенін санаймыз [20]. Осылайша, Б.Сағынтаевты қала әкімі қызметінен босатуын сұрады. Жалпы түрде, бұл петиция 26654 қол жинады. Нәтижесінде, 2022 жылдың 31 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен әкім қызметінен босатылды. Бұл ретте, петициялар беруді құқықтық реттеу жөніндегі Заңға Қазақстан Республикасының Президенті, 2023 жылғы қазан айының 2-де ғана қол қойды. Ал, күшіне енуі, 2024 жылдың сәуір айында жүзеге асқанын ескеру қажет. Демек азаматтардың саяси белсенділігінің

артуын, билік алдында құқық шеңберінде талаптар қою мәселесінің артуын осыдан байқауымызға болады.

Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, 2011 жылы халқымыздың - 84% петицияға қол қою акциясына «ешқашан қатыспағандығын» атап өтсе, 2018 жылы бұл көрсеткіш - 71,5% құрады, сол сияқты «мүмкін қатысамын» деп 2011 жылы - 13,9% қазақстандық жауап берсе, 2018 жылы «мүмкін қатысатындардың» саны біраз артып, 16,1% құрады. Демек, саяси белсенділіктің бұл түрінде біраз ілгерілеушілік байқалуда (5-диаграмма).

5 диаграмма - «Петицияларға қол қоюға қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері, 2011/2018, (WVS)



Рональд Инглхарт құндылықтардың өзгеруі мен адамдардың танымдық қабілеттерін жұмылдыру процестері қатар жүреді деген қорытындыға келді. Демек, бұл елдердің халқы өзін-өзі көрсету құндылықтарына көбірек мән береді. Ал, білім мен дағдылардың өсуі адамдарға саяси өмірге неғұрлым жоғары деңгейде қатысуға, олардың өміріне әсер ететін шешімдердің сипатын дербес анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, постматериалистер материалистерге қарағанда саяси наразылықтың дәстүрлі емес формаларына көбірек қатысады деп санайды.

Сауалнамадағы келесі сұрақ бойкотқа қатысу жөнінде, «Сіз бойкотқа қатысқан кезіңіз болды ма, қатыса аласыз ба, әлде ешбір жағдайда қатыспайтындығыңызды белгілеңіз». Мұндағы бойкотқа қатысуға «ешқашан қатыспайтын» респонденттер саны 2011 жылы - 92,6%-дан, 2018 жылы - 80,1% төмендегені анықталды. Сонымен қатар, 2011 жылы «мүмкін қатысамын» деп - 6% жауап берсе, 2018 жылы - 11,1% артты. Демек, бойкотқа қатысуға дайын респонденттер саны шамамен артқаны мәлім болды (6-диаграмма).

6 диаграмма – «Бойкоттарға қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері, 2011/2018, (WVS)



«Мемлекеттік органдарға жүгіну» мәселесі бойынша да сұрақ талданды. Азаматтық қатысу формасы ретінде қазақстандықтардың - 51% «мемлекеттік органдарға жүгінгендері»

және «жүгінуге дайын» екендігін атап өтті. Сонымен қатар «ешқашан» деп - 39,3% респондент жауап берді. Бұл да өзара қатысу деңгейінің шамамен төмен екенін көрсетуде.

Сонымен қатар, саяси іс-әрекеттің бейресми түрлері де кеңінен орын алатыны халықаралық тәжірибеден белгілі. Осыдан, қазақстандықтар қаншалықты бейресми саяси акцияларға қатысатындарына дайын екендерін анықтау мәселесі туындады. Саяси акциялар қатарында, бейресми ереуілдерге қосылу дайындықтары, 2018 жылы 2011 жылмен салыстырғанда біршама артқанын көруімізге болады. Демек, 2011 жылы «ешқашан қатыспаймын» деп - 90,3% жауап берсе, 2018 жылы - 80,5% құрады. Ал, «мүмкін қатысамын» және «қатыстым» деп 2011 жылы – 9,7% қазақстандық атап өтсе, 2018 жылы бұл көрсеткіш - 11,2% құрады (7-диаграмма).

7 диаграмма – «Бейресми ереуілдерге қатыстыңыз ба, қатысуыңыз мүмкін бе немесе ешбір жағдайда қатыспайсыз ба?» деген сұраққа жауап көрсеткіштері, 2011/2018, (WVS)



Ал, осы сұрақтың жауаптарында азаматтардың табыс деңгейі олардың заңды емес іс - әрекеттерге қатысуына әсерін көруімізге болады. Демек, төмен табысы бар азаматтар қатысу ықтималдылығы ең жоғары - 12,4%, ал «ешқашан қатыспаймын» деген респонденттер арасында – жоғары табысы бар азаматтар - 89,6% құрады. Демек, осы тұрғыдан табысы төмен азаматтарға көмек көрсету тетіктерінің жасақтау қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар, «қатыстым» деп жауап бергендер арасында төмен және жоғары табысы бар азаматтар арасында бірдей көрсеткіштер байқалды (8-кесте).

8 кесте - Табыс деңгейіне байланысты заңды емес іс-әрекеттерге қатысу көрсеткіштері, 2018, (WVS)

Берілген жауаптар	барлығы, %	төмен, %	орташа, %	жоғары, %
Ия, қатыстым	0,5	0,8	0,4	0,8
Мүмкін қатысамын	10,7	12,4	11,1	5,6
Ешқашан	80,5	81	79,8	89,6
Білмеймін	5,5	5,8	5,1	4
Жауап жоқ	2,9	0	3,7	0

Сонымен қатар, қатысу белсенділігіне білім деңгейі де әсер етуде. Мәселен, «мүмкін қатысамын» - 13,7% деп жауап берген қазақстандықтар арасында ең жоғары көрсеткіш – білімі төмен азаматтарда байқалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандық қоғамның саяси белсенділігі қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, қазақстандықтардың

саяси белсенділігі, жалпы алғанда, төмен деңгейде қалып отыр. Дегенмен, рұқсат етілген саяси қатысуға деген жоғары қызығушылық азаматтардың өз саяси құқықтарын заңды негізде іске асыруға ұмтылысын білдіреді. Бұл жағдай, мемлекеттік органдардың азаматтардың саяси құқықтарын іске асыруына қолайлы жағдайлар жасау қажеттілігін айқындайды. Билік өкілдерінің заңды акцияларға қатысуды ынталандыруы және азаматтық белсенділікті арттыру мақсатында саяси құқық туралы түсіндіру жұмыстарын күшейтуі тиіс. Бұл қоғамның саяси мәдениетін дамытуға және азаматтардың саяси өмірге белсенді қатысуына ықпал етуі мүмкін. Осылайша, Қазақстандағы саяси белсенділіктің деңгейін арттыру үшін кешенді шараларды жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Сонымен қатар, қазақстандықтар өздерінің құндылық бағдарларында Рональд Инглхарт моделі бойынша, негізінен, материалдық құндылықтар (өмір сүру құндылықтары), ал постматериалдық құндылықтарына (өзін-өзі көрсету құндылықтары) әлдеқайда төмен қолдау көрсетуде деген қорытындыға келуімізге болады. Демек, халықтың ресми емес түрлеріне қарағанда, ресми түрлерін қолдайтындарына орай, саяси мәдениетті нығайту, азаматтардың құқықтық білімін арттыру және саяси институттарға деген сенімді күшейту мақсатында бірқатар іс-шаралар қажет. Айтар болсақ, мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ тарапынан, заңды саяси белсенділік түрлері туралы ақпараттық-түсіндіру науқандарын жүргізу ұсынылады. Бұл азаматтардың заң шеңберінде өз пікірлерін білдіру мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Онлайн-петициялардың халық арасында белсенділік формасының артуына байланысты, қоғамдық тыңдаулар және ашық үкімет құралдарын кеңінен қолжетімді етіп, азаматтардың цифрлық саяси белсенділігін қолдау қажет. Сонымен қатар, бұл платформаларда өтініштерді қарастыру мен кері байланысты қамтамасыз ету тетіктерін күшейту маңызды. Қазақстандықтардың билік институттарына деген сенімін арттыру мақсатында, саяси институттардың ашықтығы мен есептілігін нығайту арқылы халық пен билік арасындағы диалогты дамыту керек. Мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне азаматтардың қатысуын қамтамасыз ететін кеңестер мен қоғамдық бақылау алаңдарын құру ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. Inglehart R. and Wayne E. Baker. *Modernization, Cultural Change, and the Persistence of Traditional Values* // *American Sociological Review*. – 2000. - Vol. 65. - №1. - P. 19 - 51.
2. Абдирайымова Г., Веревкин А., Лифанова Т. *К оценке социального настроения казахстанского студенчества* // *Социологические исследования*. - 2023. - №1. - С. 107-113.
3. Haerpfer C., Kizilova K. *Values and Transformation in Central Asia. In Transformation and Development*. - 2020. - P. 7-28.
4. Zhengisbek T., Aitymbetov N., Ismagambetov T., Toktarov Y., Alisherova A. *The Impact of Digitalization on Political Engagement Among Kazakhstani Youth: A Comparative Study Before and After «Qandy Qantar» (Sanguinary January) of 2022* // *Journal of Social Studies Education Research*. - 2023. - №14(3). - P. 97-116.
5. Нарбут Н., Троцук И. *Социальное самочувствие молодежи постсоциалистических стран (на примере России, Казахстана и Чехии): сравнительный анализ ценностных ориентаций* // *Вестник РУДН. Серия: Социология*. 2018. - Том. 18. - №1. - С. 131-155.
6. Spehr S., Kassenova N. *Kazakhstan: constructing identity in a post-Soviet society* // *Asian Ethnicity*. - 2012. - №13(2). - P. 1-17.
7. Ilimkhanova L., Telebaev G., Dzakupov S., Perlenbetov M. *Hierarchy of Value Orientations in Kazakhstan as the Basis of National Mentality* // *KazNU Bulletin. Psychology and sociology series*. - 2012. - №4(43). - P. 112-118.
8. Beimenbetov S. *Modernization process and political culture in Kazakhstan* // *Central Asia: Issues, problems, and perspectives*. - 2015. №3. - P. 59-72.
9. World Values Survey. [Electronic resources]. – URL: <https://www.worldvaluessurvey.org/WVSONline.jsp> (accessed on: 25.01.2025).

10. *Ценности казахстанского общества в социологическом измерении*. - Алматы: «DELUXE Printery», 2019. - 140 С.
11. Junisbai B., Junisbai A. Are Youth Different? The Nazarbayev Generation and Public Opinion in Kazakhstan // *Problems of Post-Communism*. - 2018. - №67(3). - P. 251-263. <https://doi.org/10.1080/10758216.2018.1520602> (accessed on: 25.01.2025).
12. Buribayev Y., Khamzina Z., Buribayeva A. Between traditions and globalization: value orientations of Kazakhstani youth // *Front. Sociol.* - 2025. - №10. - P. 1-13. <https://doi.org/10.3389/fsoc.2025.1563274>(accessed on: 12.02.2025).
13. Ranking of countries by share of food expenses. [Electronic recourses]. – URL: <https://www.ranking.kz>. (accessed on: 12.02.2025).
14. Verba S., Nie H. Norman. Participation in America: Political Democracy and Social Equality. - Harper & Row, 1972. - 428 P.
15. Samuel H. Barnes, Max Kaase Roberta, Sigel S. Political Action: Mass Participation in Five Western Democracies // *Political Science Quarterly*. - 1980. - Vol. 95. - Issue 3. - P. 539-541.
16. Ekman J., Amna E. Political participation and civic engagement: towards a new typology. *Human Affairs*. 2012. - №22. - P. 283-300.
17. O'Toole T., Lister M., Marsh D., Jones S., McDonagh A. Tuning out or left out? Participation and non-participation among young people // *Contemporary Politics*. - 2003. - Vol. 9. - Issue 1. - P. 45-61.
18. Norris P. Young People and Political Activism: From the Politics of Loyalties to the Politics of Choice. - Harvard University, 2004. – P. 32.
19. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Заң. №2464. – URL: [Электрондық ресурс]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464> (қаралған күні: 28.09.2024).
20. Петиция по отставке акима г:Алматы. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.otinish.kz/ru/petition/83/>. (қаралған күні: 13.01.2025).

References:

1. Inglehart R. and Wayne E. Baker. Modernization, Cultural Change, and the Persistence of Traditional Values // *American Sociological Review*. – 2000. - Vol. 65. - №1. - R. 19-51.
2. Abdirajymova G., Verevkin A., Lifanova T. K ocenke socialnogo nastroyeniya kazahstanskogo studenchestva // *Sociologicheskie issledovaniya*. - 2023. - №1. - S. 107-113.
3. Haerpfer C., Kizilova K. Values and Transformation in Central Asia. In *Transformation and Development*. - 2020. - P. 7-28.
4. Zhengisbek T., Aitymbetov N., Ismagambetov T., Toktarov Y., Alisherova A. The Impact of Digitalization on Political Engagement Among Kazakhstani Youth: A Comparative Study Before and After «Qandy Qantar» (Sanguinary January) of 2022 // *Journal of Social Studies Education Research*. - 2023. - №14(3). - R. 97-116.
5. Narbut N., Trocuk I. Social'noe samochuvstvie molodezhi postsocialisticheskikh stran (na primere Rossii, Kazahstana i CHEkhii): sravnitel'nyy analiz cennostnykh orientacij // *Vestnik RUDN. Seriya: Sociologiya*. 2018. - Tom. 18. - №1. - S. 131-155.
6. Spehr S., Kassenova N. Kazakhstan: constructing identity in a post-Soviet society // *Asian Ethnicity*. - 2012. - №13(2). - P. 1-17.
7. Ilimkhanova L., Telebaev G., Dzakupov S., Perlenbetov M. Hierarchy of Value Orientations in Kazakhstan as the Basis of National Mentality // *KazNU Bulletin. Psychology and sociology series*. - 2012. - №4(43). R. 112-118.
8. Beimenbetov S. Modernization process and political culture in Kazakhstan // *Central Asia: Issues, problems, and perspectives*. - 2015. №3. - R. 59-72.
9. World Values Survey. [Electronic recourses]. – URL: <https://www.worldvaluessurvey.org/WVSOnline.jsp> (accessed on: 25.01.2025).
10. *Cennosti kazahstanskogo obshchestva v sociologicheskom izmerenii*. - Almaty: «DELUXE Printery», 2019. - 140 S.

11. Junisbai B., Junisbai A. *Are Youth Different? The Nazarbayev Generation and Public Opinion in Kazakhstan // Problems of Post-Communism.* - 2018. - №67(3). - P. 251-263. <https://doi.org/10.1080/10758216.2018.1520602> (accessed on: 25.01.2025).
12. Buribayev Y., Khamzina Z., Buribayeva A. *Between traditions and globalization: value orientations of Kazakhstani youth // Front. Sociol.* - 2025. - №10. - P. 1-13. <https://doi.org/10.3389/fsoc.2025.1563274>(accessed on: 12.02.2025).
13. *Ranking of countries by share of food expenses. [Electronic recourses].* – URL: <https://www.ranking.kz>. (accessed on: 12.02.2025).
14. Verba S., Nie H. Norman. *Participation in America: Political Democracy and Social Equality.* - Harper & Row, 1972. - 428 P.
15. Samuel H. Barnes, Max Kaase Roberta, Sigel S. *Political Action: Mass Participation in Five Western Democracies // Political Science Quarterly.* - 1980. - Vol. 95. - Issue 3. - P. 539-541.
16. Ekman J., Amna E. *Political participation and civic engagement: towards a new typology. Human Affairs.* 2012. - №22. - R. 283-300.
17. O'Toole T., Lister M., Marsh D., Jones S., McDonagh A. *Tuning out or left out? Participation and non-participation among young people // Contemporary Politics.* - 2003. - Vol. 9. - Issue 1. - P. 45-61.
18. Norris P. *Young People and Political Activism: From the Politics of Loyalties to the Politics of Choice.* - Harvard University, 2004. – P. 32.
19. *Qazaqstan Respublikasyndagy sajlau turaly Zan. №2464.* – URL: [Elektrondyq resurs]. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_ (qaralghan kyni: 28.09.2024).
20. *Peticiya po otstavke akima g:Almaty. [Elektronnyj resurs].* – URL: <https://www.otinish.kz/ru/petition/83/>. (data obrashcheniya: 13.01.2025).

Токтарбекова Л.Н.^{1*}, Сейтахметова Н.Л.¹

Алтайқызы А.², Ишпекбаев Ж.Е.³

¹Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК,
г. Алматы, Республика Казахстан

²Университет Стэнфорд, Центр российских, восточноевропейских и евразийских
исследований, Стэнфорд, США

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Республика Казахстан

*e-mail: lauratoktarbekova@gmail.com

К ВОПРОСУ ПРОБЛЕМАТИЗАЦИИ ТЕРМИНА «ИСЛАМОФОБИЯ» В ПОЛИТИЧЕСКОМ И СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНОМ ДИСКУРСЕ ВЕЛИКОБРИТАНИИ

Аннотация

Статья анализирует развитие и проблематизацию понятия «исламофобия» в двух взаимосвязанных пространствах британского знания – парламентском и академическом. Опираясь на стенограммы Палаты лордов и Палаты общин (1997-2024 гг.) и научные работы ведущих британских исследователей (К. Аллен, Т. Модуд, Н. Мир, Л. Мусави, А. Вакил, К. Малик и др.), авторы выявляют, что отсутствие нормативно признанного определения сохраняет концептуальную расплывчатость термина и осложняет правоприменительную практику. Правительство удерживает термин «антимусульманская ненависть», указывая на несоответствие версии Все партийной парламентской группы (APPG, 2018) Закону о равенстве 2010 г. и возможное ограничение свободы слова. Научное сообщество, признавая структурный характер дискриминации, одновременно критикует термин за смешение религиозных и расовых маркеров. Статья демонстрирует, что парламентский и академический дискурсы сходятся в оценке институционального характера враждебности к мусульманам, но расходятся в терминологическом решении. Основной вклад статьи – сопоставление парламентских дебатов и академических рамок, вскрывающее разрыв между политической прагматикой и научной рефлексией.

Ключевые слова: исламофобия, парламент Великобритании, культурный расизм, британские мусульмане, государственная политика.

Л.Н. Токтарбекова¹, Н.Л. Сейтахметова¹, А.Алтайқызы², Ж.Е. Ишпекбаев³

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

²Стэнфорд университеті, Ресей, Шығыс Еуропа және Еуразиялық зерттеулер орталығы,
Стэнфорд, АҚШ

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДИСКУРСЫНДАҒЫ «ИСЛАМОФОБИЯ» ТЕРМИНІ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада британдық білімнің өзара байланысқан екі кеңістігінде – парламенттік және академиялық ортадағы «исламофобия» ұғымының қалыптасуы мен шиеленісуі талданады. 1997-2024 жж. аралығындағы Лордтар палатасы мен Қауымдар палатасының

стенограммаларына, сондай-ақ К. Аллен, Т. Модуд, Н. Мир, Л. Мусави, А. Вакил, К. Малик және тағы басқа жетекші британдық зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, авторлар нормативті тұрғыда қабылданған анықтаманың жоқтығы терминнің тұжырымдамалық анық еместігі сақталып, құқықтық қолдану тәжірибесін күрделендіретінін айқындайды. Үкімет Жалпыпартиялық парламенттік топтың (APPG, 2018) ұсынған нұсқасы 2010 жылғы Теңдік туралы заңға қайшы және сөз бостандығын шектеуі ықтималдығын алға тарта отырып, «мұсылмандарға қарсы өшпенділік» (anti-Muslim hatred) терминін қолдайды. Ал ғылыми қауымдастық кемсітушіліктің құрылымдық сипатын мойындай отырып, терминнің діни және нәсілдік белгілерді араластырғаны үшін сынға алады. Мақала парламенттік және академиялық дискурстардың мұсылмандарға қатысты қарсылықтың институционалдық табиғатын бағалауда тоғысатынын, алайда терминологиялық тұрғыда елеулі айырмашылықтарға жол беретінін көрсетеді. Зерттеудің негізгі жаңалығы парламенттік дебаттар мен академиялық тұжырымдамаларды салыстыра отырып талдап, саяси прагматика мен ғылыми рефлексия арасындағы алшақтықты айқын ашып көрсетуінде.

Түйін сөздер: исламофобия, Ұлыбритания парламенті, мәдени нәсілшілдік, британдық мұсылмандар, мемлекеттік саясат.

L.N. Toktarbekova¹, L.N. Seitakhmetova¹

A. Altaikyzy², Zh.Ye. Ishpekbayev³

*¹Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK,
Almaty, Kazakhstan*

*²Stanford University, Center for Russian, East European and Eurasian Studies,
Stanford, USA*

³Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

ON THE ISSUE OF PROBLEMATIZATION OF THE TERM “ISLAMOPHOBIA” IN THE POLITICAL AND SOCIO-CULTURAL DISCOURSE OF GREAT BRITAIN

Abstract

The article analyses the development and problematisation of the concept of “Islamophobia” in two interrelated spheres of British knowledge: parliamentary and academic. Drawing on the transcripts of the House of Lords and the House of Commons (1997-2024) and academic papers by leading British researchers (C. Allen, T. Modood, N. Mir, L. Mousavi, A. Vakil, K. Malik, etc.), the authors reveal that the absence of a normatively recognised definition keeps the term conceptually vague and complicates law enforcement practice. The government has refrained from utilising the term “anti-Muslim hate”, instead highlighting the incongruity between the All Party Parliamentary Group's (APPG) definition and the provisions outlined in the Equality Act 2010, which could potentially impede the freedom of speech. The academic community, while acknowledging the structural nature of discrimination, simultaneously criticises the term for its tendency to conflate religious and racial markers. The article demonstrates that, despite a convergence in the assessment of institutional hostility towards Muslims within parliamentary and academic discourses, a divergence emerges in the resolution of terminology. The primary contribution of the article is the juxtaposition of parliamentary debates and academic frameworks, which reveals the discrepancy between political pragmatics and academic reflection.

Keywords: Islamophobia, UK Parliament, Cultural Racism, British Muslims, Public Policy.

ВВЕДЕНИЕ

Актуальность исследования феномена исламофобии связана с периодически появляющимся дискурсом вражды по отношению к исламскому контенту в политике и

имеющимся неоднозначным определением термина «исламофобия» в зарубежной и отечественной гуманитарной науке. Целью настоящей статьи является анализ источниковедческого и медийного ресурсов, включающих в себя разноуровневые дебаты по проблемам определения исламофобии и ее искоренения в культуре поведения и сознания светского британского общества. Опыт концептуального анализа исламофобии в Великобритании будет очень полезен для отечественного исламоведения и религиоведения в контексте разработки рекомендаций для предотвращения радикализации религиозного сознания и формирования толерантной межкультурной и межконфессиональной коммуникации.

Гипотеза исследования связана с выводом о том, исламофобия на фоне геополитических турбулентных процессов будет то затихающим процессом, то активизирующимся, но о завершении исламофобии как явления межконфессионального противостояния и тем более как явления, возникающего на стыке межкультурного столкновения, говорить рано.

Проблемой исследования является всесторонний дискурс анализ исламофобии как концепта, как явления, как маркера политических и религиозных процессов на британских материалах.

Термин «исламофобия» в британском контексте определяют как предвзятое отношение, враждебность или дискриминацию по отношению к исламу и мусульманам. Он используется для описания предрассудков, действий и установок, направленных против людей из-за их мусульманской религиозной принадлежности или предполагаемой связи с исламом. К исследованию термина «политический ислам» исследователи предлагают различные подходы к его определению, акцентируя внимание на сложном и многослойном его характере. В настоящее время в дебатах британского правительства нет точного определения исламофобии, и вопрос до сих пор висит в воздухе. Дело в том что, Консервативная партия Великобритании (Правительство Тори), не принимает определение исламофобии, предложенной в 2018 году Всепартийной парламентской группой по делам британских мусульман (APPG).

В 1996 году The Runnymede Trust, независимое исследовательское и социально-политическое агентство, создало Комиссию по проблемам мусульман и исламофобии. Комиссия под председательством профессора Гордона Конвея состоит из восемнадцати членов и является многоэтническим и многоконфессиональным комитетом. Комиссия тщательно исследовала данные задачи, проведя обширный социологический опрос. Исследователи выделили восемь ключевых аспектов исламофобии, среди которых были убеждения о том, что ислам является монолитной, статичной религией, что он полностью чужд западным ценностям и что он рассматривается как «враг» Запада. Это определение подчеркивает культурный и расовый контекст исламофобии, связывая ее с более широкими формами предрассудков и дискриминации.

Одновременно британские исследователи начали критически пересматривать концепцию, подвергая сомнению ее аналитическую ценность (К. Аллен). Некоторые ученые считают ее расистской (Т. Модуд, Н. Мир), другие видят в ней угрозу свободе слова (К. Малик, Р. Хасан).

В этой статье мы попытаемся сравнить парламентский и академический дискурсы, определить, как они влияют друг на друга и в чем их различия. Также мы рассмотрим, как терминологическая неопределенность влияет на антидискриминационную политику и научное знание.

Обзор научной литературы

В исследованиях, посвященных исламофобии, британские ученые рассматривают два ключевых аспекта, онтологический статус этого явления и его нормативные последствия. Кристофер Аллен [1] стал первым, кто подверг сомнению термин «исламофобия». Он считал, что это понятие слишком широко и неточно описывает предрассудки, а также

объединяет различные практики без должного анализа. В связи с этим он предложил более глубокий анализ этого явления.

Абдулкарим Вакил [2] предложил рассматривать исламофобию в контексте ксенофобии и других форм расового насилия. Он считает, что изолированное использование этого понятия не отражает всей сложности и переплетения этих явлений.

Насар Мир и Тарик Модуд [3, 4, 5] отреагировали на эту критику, предложив рассматривать исламофобию как разновидность культурного расизма. Они утверждают, что исламофобия возникает из-за того, что культурные различия маргинализированных групп пытаются привести к «цивилизационной норме». Таким образом, они интегрировали концепцию исламофобии в британскую историю борьбы с расизмом и антидискриминационным правом.

В работах Тахира Аббаса [6] и Леона Мусави [7] рассматривается эмпирическая сторона проблемы. Л.Мусави показывает, как в риторике правительства в период с 2001 по 2007 год закрепилась связь между исламом и терроризмом. Использование таких терминов, как «исламский экстремизм» и «мусульманский фундаментализм», привело к формированию негативного отношения к мусульманам.

Тахир Аббас, в свою очередь, показывает, как после событий 11 сентября эта стигма усилилась благодаря медиа. Они переосмыслили арабские религиозные термины, используя их в контексте войны, что создало атмосферу страха и привело к появлению политического запроса на определение исламофобии.

Публицисты и экономисты либерального направления критикуют расширение этого понятия. Кенан Малик [8] считает, что оно стирает грань между конструктивной критикой религии и ненавистью, что приводит к самоцензуре и ограничивает свободу слова. По его мнению, уголовно наказуемым должно быть только прямое подстрекательство к насилию.

Руми Хасан [9] выражает сомнения в том, что исламофобия связана с расизмом. По его мнению, эта связь не имеет логического обоснования и выглядит расплывчатой.

В то же время Робин Ричардсон [10] считает, что, несмотря на неопределенность термина, понятие «исламофобия» уже прочно вошло в обиход. Задача ученых – четко определить, что именно оно описывает, и при необходимости дополнить его другими категориями, такими как «антимусульманский расизм».

В британской литературе можно выделить два противоположных подхода. С одной стороны, растет осознание того, что исламофобия имеет структурный и расистский характер. С другой стороны, существует мощный либеральный дискурс, который требует защиты пространства для критики религиозных идей. Именно в этом теоретическом конфликте формируются современные исследования и политические меры, направленные на противодействие дискриминации мусульман в Великобритании.

